

ИСЛАМДАҒЫ СӨЗ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Хақ дініміз Ислам мен ата сал-тымызда сөз жауапкершілігіне баса мән беріледі. Ғалымдарымыздың «Он бәленің тоғызы – тілден», хал-қымыздың «Басқа пәле – тілден», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген сынды даналық сөздері – соның айғағы.

Адамдар, әсіресе, мұсылман үмбеті тәні мен киімінің тазалығына мән бергендей, тілінің де тазалығына мән беруі тиіс. Себебі тіл – жүректің айнасы, жүрек қаншалықты таза болса, тілден де соншалықты көркем сөз шығады. Алла Тағаланың жаратылыстарының ішінде адамға берілген нығметтің саны шексіз екені мәлім. Орнын ешнәрсе толтыра алмайтын да бағалы нығметтер бар. Соның бірі – осы сөз, сөйлеу нығметі. Бұл жөнінде қасиетті

Құран Кәрімдегі «Рахман» сүресінің алғашқы аяттарында: **«Рахман, (Алла)! Құранды үйретті. Адамды (жоқтан) жаратты. Оған сөйлеуді үйретті»,** – деп баяндалған.

Айналамызда бір ауыз сөз айтуды армандап жүрген жандар бар екені белгілі. Бұл әрбір мұсылманды ойландырып, сөйлеу нығметін берген Аллаға шүкір ету керектігін еске салады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, барша адам баласы жақсы сөз сөйлеп,

оны өзінен кейінгілерге де үйретіп отыруы тиіс. «Сөз – сен сөйлегенше сенің тұтқының, сөйлеген соң сен – оның тұтқынысың» деген сөздің де жаны бар. Мұндайда бабаларымыз айтылған сөзді атылған оққа теңеп, не айтсақ та, ойланып сөйлеуді өсиет еткен.

Тілдің қызметі сөйлеу болғанмен, оны дұрыс қолдана білу де – өнер. Пайғамбарлардың мырзасы Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмір жолы жайлы жазылған сира кітаптарында оның шешен бола тұра аз сөйлеп көп ойланатын, көп сөздің орнына дөп сөйлеп, тыңдаушыға ерекше әсер қалдыратын тұлға болғаны баяндалады. Оған қоса, уәдеге беріктігі, бір сөзділігі баршамызға үлгі. **«Кімде-кім Аллаға және ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін»** деген өсиеті – жақсы сөз сөйлеудің маңызын айқындайтын хадис.

Қазіргі технология дамыған ақпарат дәуірінде тек тіл ғана сөйлеу құралы саналмайды. Әлеуметтік желілерде жазылып жатқан әрбір сөздің, пікірдің де сұрауы барын естен шығармаған жөн. Өкінішке қарай, ар-намысқа тию, көрінгенді мазақ қылу виртуалды әлемде үдеп барады. Өзін мұсылман санайтын әрбір жан бұдан аулақ болуы керек. Жақсы сөз жазуға шамасы жетпесе, үнсіз қалғаны ләзім. Хәкім Абай: «Көп айтса көнді, жұрт айтса, болды – әдеті надан адамның» деп айтқандай, дүрмекке еріп, ойына келген сөзді пікір қылып жаза беру, адамды мазақ қылу – мұсылман баласына жат қылық.

Алла Тағала Құран Кәрімдегі «Ахзаб» сүресінің 70-аятында мұсылмандарға: **«Уа, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар да дұрыс сөз сөйлеңдер»**, – деп бұйырады. Демек, отыз тістен шығатын сөзіміздің отыз рулы елге тарайтынын естен шығармай, жақсы сөз айтып, дұрыс сөйлеуге әдеттенуіміз керек. Бүгінде қазақ халқының имам-молдаларға қатысты нақыл сөздерін басқа мағынаға бұрып, дін қызметкерлерін жөнсіз айыптап, қаралап жатқан жағдайларды да көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүр. Танымал тұлғалардың да шығармашылығы, еңбек жолынан гөрі жеке өмірі жиі талқыланып, ақиқаты мен жалғаны белгісіз ақпараттарға желі қолданушылары пікір білдіріп отырады. Бұл тұста екі үлкен күнә адамдар арасында кең тарап кеткенін байқаймыз. Біріншісі, жоғарыда айтылғандай жақсы сөз ғана қолдану немесе үнсіз қалудың орнына көппен бірге әлеуметтік желіде ойына келген сөзді жазу. Ал екіншісі, өзіне қатысы жоқ сөзге араласу. Ардақты Пайғамбарымыз бір хадисінде:

«Көркем мұсылманның белгісі – өзіне қатысы жоқ нәрсені тастауы», – деп айтқан.

Тілге, сөзге қатысты күнәлардың қатарына ғайбат, өсек пен өтірік айту, бос сөз сөйлеуді жатқызамыз. Адамдар арасында сенімсіздіктің тууына, араларының бұзылуына, бүкіл бір қоғамға зардабы тиетін үлкен күнәлі істердің бірі – ғайбат айту. Ғайбат – бір адамды ол жақтырмайтын істерімен еске алу. Ғалымдардың бір ауызды келісімі бойынша ғайбат харам істердің қатарына кіреді. Сондай-ақ оның күнәсі ғайбаттаған адамның кім екендігіне және қалай деп



Қазіргі технология дамыған ақпарат дәуірінде тек тіл ғана сөйлеу құралы саналмайды. Әлеуметтік желілерде жазылып жатқан әрбір сөздің, пікірдің де сұрауы барын естен шығармаған жөн. Өкінішке қарай, ар-намысқа тию, көрінгенді мазақ қылу виртуалды әлемде үдеп барады.



ғайбаттағандығына байланысты әртүрлі дәрежеде болатынын айтқан. Мысалы, жай адамды ғайбаттағанның гөрі ғалым адамды ғайбаттаудың күнәсі ауыр. Сол сияқты адамның сыртынан жай ғана ұнамсыз сөздерді айтудан гөрі ол адамның ар-намысын қаттырақ қорлайтын ауыр сөздерді айтқан сайын ғайбаттың күнәсі де арта түседі деп санаған.

Ауыр күнә саналғандықтан ғайбат айтып қойған адам алдымен тәубе етіп, Алладан жарылқау тілеп, өкініп, оған қайта бармауға шешім қабылдауы керек.

Екіншіден, ғайбат өзгенің абыройына нұқсан келтіру болғандықтан, ол сөз ғайбатталушыға жеткен жағдайда оның алдынан өтіп, кешірім сұрау керек. Егер ғайбат ғайбатталған адамға жетпесе, қаншалықты жамандаған болса, соншалықты өзі үшін Алла Тағаладан жарылқау тілеп, ғайбаттаған адамы үшін де кешірім мен жақсылық тілеп дұға етуі тиіс.

Қасиетті Құранда ғайбат айту адам өзінің бауырының етін жеумен ғана емес, өлген бауырының етін жеумен салыстыруы арқылы



оның қаншалықты ауыр күнә екендігі түсіндірілген. Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дәуірінде бір адам екінші бір адамды ғайбаттаған кезде жағымсыз иістің шыққандығы турасында риуаяттар жеткен. Ғалымдардың кейбірінен: «Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дәуірінде ғайбат-өсек айтылса, төңіректе жағымсыз иіс шығатын еді. Осылайша ғайбат-өсек айтылғаны білінетін. Ал, біздің дәуірімізде ғайбат айтылғанда жағымсыз иістің сезілмеуінде қандай хикмет бар?» – деп сұралғанда, былай деп жауап беріліпті: «Біздің дәуірімізде ғайбат-өсек көбейіп, мұрындарымыз ғайбаттың жағымсыз иісімен бітелген. Мысалы: Бір адам тері илеушілердің алдына кірсе, терінің жағымсыз иісінен олардың жанында тұра алмайды, бірақ ол жердің қызметкерлері жайбарақат жұмыстарын істеп, сол жерде тамақтанып, шай ішеді, өйткені олар сасық иіске әбден үйреніп кеткен. Біздегі қазіргі ғайбаттың жағдайы да тура осылай».

Ал өсек деп бір кісінің жағдайын оның рұқсатынсыз екінші бір кісіге араларына от салу мақсатында жеткізуді айтады. Бұған қатысты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Өсекші жәннатқа кірмейді»**, – деп айтқан (имам Бұхари, Мұслим). Бұл хадисте ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өсек айтқан адам мынадай күнә арқалайды демей, бірден жәннатқа кірмейді деп айтуынан өсек тасудың қаншалықты үлкен күнә екенін аңғаруымызға болады. Тағы бір хадисте Алла Елшісі екі қабірдің жанынан өтіп бара жатып:

«Расында бұларды үлкен күнәлар жасағандары үшін азаптап жатқан жоқ. Дегенмен, бұлардың күнәлары ауыр. Оның бірі өсек тасыған болса, екіншісі өзінің зәрінен сақтанбаған», – деген (имам Бұхари). Хадистегі **«Расында бұларды үлкен күнәлар жасағандары үшін азаптап жатқан жоқ»** деген сөздің мағынасы, сіздер үшін үлкен күнә емес, бірақ Алланың құзырында бұл ауыр күнәлардың қатарында дегенді білдіреді.

Адамдар жақсы сөз сөйлеу арқылы қоғамда бірлік пен береке орнап, араларында жылулық пен қарым-қатынас сақталады. Ал керісінше өсек, өтірік, жала жабу сияқты жаман, күнәлі сөздер көбейсе, қоғамда сенімділік жоғалып, берекетсіздік орын алады. Сондықтан да Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларын әрдайым тілге ие болуға шақыратын. **«Мұсылман – өзге біреуге қолымен және тілімен зиян тигізбеген адам»**, – деп мұсылманға тән сипаттың бірі тілге қатысты екенін меңзеген (имам Бұхари).

Халқымыз: «Әдептің басы – тілді бағу» деп айтқандай, сөз әдебіне мән беру – мұсылман адамның басты сипатының бірі. Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Сөзінді түзе – әдетіңе айналады, Әдетің – мінезіңе айналады. Мінезің – сенің тағдырың», – деген сөзінде де үлкен мән-мағына бар. Алла Тағала баршамызға жақсы сөз сөйлеп, игі істердің жаршысы, қоғамға, ел мен жерге пайдалы болуды жазсын, әмин!



ҒАЙБАТ – ЕҢ ЖАМАН КҮНӘ

Ғайбат дегеніміз – біреудің сыртынан оның бойындағы кемшіліктерін, жаман сипаттарын айту. Егер айтылған кемшілік ол адамда жоқ болса, онда бұл жала болып саналады.


Бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына: **«Ғайбаттың не екенін білесіңдер ме?»** – деген сұрақ қояды. Сахабалар: «Алла мен Оның елшісі жақсы біледі», – деп жауап берді. Пайғамбарымыз: **«Бауырыңды оған ұнамайтын нәрсемен еске алуың»**, – деді. «Егер айтқанымыз ол кісіде бар болса ше?» – деп сұрағанда Пайғамбарымыз: **«Егер айтқаның онда бар болса, сен оны ғайбаттадың. Ал егер ол нәрсе ол адамда жоқ болса, оған жала жаптың»**, – деп жауап берді. (Мұслим, №2589).

Ғайбат айту – Құранда да, хадистерде де қатаң түрде харам етілген әрі ғалымдар ғайбатты үлкен күнәлардың қатарына жатқызған.

Алла Тағала «Хужурат» сүресінде былай баяндайды: **«Уа, иман келтіргендер! Ешбір қауым екінші басқа қауымды мазақ қылмасын! Бәлкім, олар (мазақ қылғандары) өздерінен артық шығар. Әйелдер де басқа әйелдерді келемеждемесін! Бәлкім, олар өздерінен**

артық шығар. Бір-бірлеріңді ренжітпеңдер һәм бір-бірлеріңе жаман лақап тақпаңдар. Иманнан кейін пасықтық неткен жаман есім?! Ал кімде-кім тәубе етпесе, солар – залымдар. Уа, иман келтіргендер! Ойлардың көбінен (мұсылмандар туралы жаман ойлардан) аулақ болыңдар! Шындығында, ойлардың кейбірі – күнә. Бір-бірлеріңді аңдымаңдар және бір-бірлеріңнің сырттарыңнан ғайбат сөз айтпаңдар! Әлде сендердің біреулерің өзінің өлген бауырының етін жеуді ұната ма? Әрине оны ұнатпайсыңдар. Ендеше, Алладан қорқыңдар! Шын мәнінде, Алла тәубені Қабыл алушы һәм өте Мейірбан».

Бұл аятта Алла Тағала ғайбат айтушыны өзінің өлген бауырының етін жеген адамға теңейді. Адам баласы өлген малдың етін жеуден қатты жиіркенеді. Бұл мысал – ғайбаттың қаншалықты жиіркенішті екенін айқын көрсетеді. Мәйіт өзіне жеткен зиянды қайтара алмайтыны секілді, ғайбатталған адам да ол



жерде болмағандықтан өзінен сол ғайбатты қайтара алмайды.

Ғайбат тілмен болғаны сияқты ишарамен, жүрекпен де болады. Имам Нәуәуи «Әл-Әзкәр» еңбегінде: «Ғайбат – бір адамды оған ұнамайтын нәрсемен еске алу. Бұл оның дене бітіміне, дініне, дүниесіне, өзіне немесе оған қатысты басқа да нәрселерге байланысты болуы мүмкін. Оны тілмен айту, жазу, ишара жасау, көзбен, қолмен, басымен немесе соған ұқсас басқа белгімен білдіру – бәрі ғайбатқа жатады», – деген.

Ғайбаттың дүниеде де, ақыретте де, қабірде де зияны, азабы қатты болады.

Біріншіден, дүниеде абыройы төгіледі, масқара болады. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мінберге көтеріліп бара жатып: *«Тілімен иман келтіріп, жүрегіне иман жетпегендер! Мұсылмандар-ды ғайбат етпеңдер, олардың кемшіліктерін аңдымаңдар! Кім олардың айыбын іздесе – Алла Тағала оның айыбын әшкерелейді. Ал Алла Тағала айыбын әшкерелеген адамның абыройын өз үйінде отырса да масқара етеді»*, – деді (Әбу Дәуід, №4880).

Екіншіден, амалдарының бәрі жойылады. Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірі кісі келіп: «Уа, Алланың елшісі! Бір әйел күндіз ораза ұстайды, түнімен намаз оқиды, көп садақа береді, бірақ көршілеріне тілімен зиян

тигізеді», – дегенде Алла елшісі: *«Оның істеп жатқан амалдарының еш қайыры жоқ, ол әйел тозақта»*, – деді. «Ал пәленше әйел аз ораза ұстайды, аз садақа қылады және нәпіл намаздарды аз оқиды. Бірақ көршілеріне зиян бермейді», – дегенде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Ол әйел жаннатқа кіреді»*, – деп жауап берген (Имам Ахмад, №9675). Сондықтан қиямет күні жасаған амалдарының сауабы жоқ болып қалғанын көрген адам – біреуді ғайбаттағанын білсін.

Үшіншіден, қабірде азапталуына себеп болады. Бір хадисте қабір азабының себептерінің бірі – ғайбат екендігі айтылады.

Төртіншіден, ақыретте өсекші, ғайбатшыларға арналған тозаққа кіреді. Алла Тағала Құранда: *«Әрбір айыпшыл, ғайбатшылға неткен қасірет»*, – дейді. («һумәзә» сүресі, 1-аят).

Бесіншіден, олар қиямет күні жәһаннам көпірлерінің бірінде ұсталады және мыстан болған тырнақтарымен өздерін азаптайды. Әнас ибн Мәлік (Алла оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: *«Миғражтүнінде тырнақтары*

жезден болған бір топ адамдардың өздерінің беттерін және кеуделерін тырнап жатқанын көрдім. Мен: «Бұлар кім, уа, Жәбірейіл?» – деп сұрадым. Ол: «Бұлар – адамдардың етін жейтіндер (ғайбат айтушылар)



Бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына: «Ғайбаттың не екенін білесіңдер ме?» – деген сұрақ қояды. Сахабалар: «Алла мен Оның елшісі жақсы біледі», – деп жауап берді. Пайғамбарымыз: «Бауырыңды оған ұнамайтын нәрсемен еске алуың», – деді.





және олардың абыройына тіл тигізетіндер, – деп жауап берді». (Әбу Дәуід, №4878).

Ғайбат айтуда Алланың да, пенденің ақысы да бар. Сондықтан ғайбат айтушы адам күнәсі кешірілуі үшін Аллаға шынайы тәубе етуі керек әрі ғайбат айтқан адамның кешірімін де алуы керек. Өйткені ғайбат еткен адам оны кешірмейінше ол тәубе еткен болса да, Алла Тағала оны кешірмейді. Сондықтан ғайбат айтушы адам ғайбаттаған адамнан кешірім сұрап, шынайы тәубе етуі керек әрі жасаған күнәсына өкініп, оған мүлдем жоламауы керек. Хадисте: *«Кімнің бауырына қатысты намысына тиіп немесе басқа бір нәрсе жөнінен (оған) жәбірі болса, динар да, дирхам да пайда бермейтін күн келмей тұрып, одан кешірім сұрасын. Егер оның игі амалдары болса, жәбірінің мөлшеріне қарай солардан алынады. Ал егер оның жақсылықтары болмаса, жәбір көрген адамның жаман амалдары (күнәлары) алынып, соның мойнына жүктеледі»,* – делінген. (Бұхари, №6534).

Ғайбатқа итермелейтін нәрселер: көреалмаушылық, мазақ ету, басқасын төмендету арқылы өзін көтеру. Ал өзін басқаны кемсіту арқылы көтеруге тырысу – мұсылмандыққа жат. Дәрежені көтеруші де, түсіруші де – Алла Тағала.

Ғайбатты тастау жолдары мынадай:

Біріншіден, бұл күнәні Алла Тағала «өлі бауырдың етін жеуге» теңегенін ойлау;

Екіншіден, біреуді ғайбаттау арқылы оның жақсы амалдары азайып, ғайбатталып жатқан адамға өтіп жатқанын еске алу;

Үшіншіден, біреудің айыбын ашумен Алла Тағала сол адамның айыбын ашатынын ұмытпау.

Жоғарыда айтылғандарға адам жақсылап ой жүгіртсе, тілі ғайбатқа барудан тыйылады. Сондай-ақ, адам өз жүрегіне үңіліп, ғайбатқа итермелеген себепті анықтап, сол себепті жоюға тырысуы керек. Кез келген дерттің шипасы – оның себебін жою.

Қорыта айтқанда, мұсылман адам өзгеге зиян беруіне, көңіліне келетін, жаман көретін нәрсені айтуы дұрыс емес. Себебі мұмин адамның құрметі Алла Тағаланың алдында Қағбаның құрметінен де жоғары. Адам өз бауырының айыбын емес, ең әуелі өз айыбын түзеуі тиіс.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Кім Аллаға және Қиямет күніне иман келтірсе – жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін»* – деп бұйырады. (Бұхари, №6018).

Алла Тағала баршамызды жақсы сөз сөйлейтін, өсек-ғайбаттан аулақ жүретін пенделерінен етсін! Өлі адамның етін жеумен тең болған бұл ауыр күнәдан сақтасын!

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

СӨЙЛЕУДІҢ 5 ӘДЕБІ

Адам баласын өзге жаратылыстардан ерекшелейтін қасиеттердің бірі – сөйлеу нығметі. Мұсылман адам Алла Тағаланың берген осы үлкен нығметіне шүкірлік қылып, тек жақсы сөз сөйлеп, күнәлі әрі жаман сөздерден сақтануы қажет. Адамның тәрбиесі мен әдебі көбіне оның сөзінен байқалады.

Иманмен сусындаған қазақ халқымыз мұндайда «Әдептің басы – аузын бағу» деп айтқан. «Басқа бәле – тілден» деген нақыл да бар. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: *«Адам баласы таңсәріде ұйқыдан тұрғанда, оның дене мүшелері тіліне өздерінің бағыныштылығын білдіріп былай дейді: «Біз үшін Алладан қорық, өйткені біз саған тәуелдіміз, егер сен туралықты ұстансаң, онда біз де түзу боламыз. Ал егер сен қисайсаң, онда біз де қисаямыз»,* – дейтіндігін айтқан (Термизи (2407). Ахмад (11498).

Сөйлеуге қатысты мұсылман адам асыл дініміз үйреткен әдептерді әркез біліп, амал етіп жүруі маңызды. Бүгінгі мақаламызда сөйлеудің бес әдебін баяндап өтпекпіз.

Бірінші: Тілді күнәдан сақтау

Құранда Алла Тағала «Муминун» сүресінде Фирдаус жәннатына кіретін мүміндерді: **«Олар бос сөзден аулақ болатындар»**, – деп сипаттайды. Мұсылман адам бос сөздің өзінен сақтанатын болса, күнәлі сөзден мүлде алыс болуы керек. Сөйлейтін сөздің мағынасына мән бермей, бос сөздің соңына түсу – мұсылманның сипаты емес. Омар (оған Алла разы болсын): «Кім көп сөйлесе, көп қателікке жол береді. Ал кім көп қателессе, көп күнәға жол береді. Ал күнәсі көп адам үшін ең лайықты орын – тозақ», – деген.

Баяғыда бір ғалымға: «Сіз кім боласыз?», – деп сұрақ қойылған уақытта: «Мен түрме қарауылымын», – дейді. Сонда ол кісіге: «Сіз қалайша түрме қарауылысыз?», – дегенде: «Мен тілімнің басқаларға кесірі тимесі үшін оны әрдайым қамауда ұстаймын», – деп жауап қатқан екен.

Адам баласының бір жақсы сөзі үшін екі дүниеде дәрежесі көтеріліп, сол сияқы ойланбай айтылған бір сөзге бола екі дүниеде де өкінішке ұшырауы мүмкін. Хадисте: **«Расында, кей кездері адам Аллаға ұнамды сөздер айтады. Сол сөздерінің қандай**

дәрежеге көтерілгенін сезбейді де, ал Алла болса оны сол айтқандары үшін Өзімен кездесетін Күнге дейін Өзінің риза болғандарының қатарына жазады! Сондай-ақ, расында, кей кездері адам Алланың қаһарын тудыратын сөздер айтады. Сонда сол сөздерінің неге жеткенін сезбейді де, ал Алла болса, оны ол айтқандары үшін, Өзімен кездесетін Күнге дейін Өзін қаһарында болатындардың қатарына жазады!» – деп айтылған (Термизи (2319), Ибн Мажә (3969), Малик «Муатта» (1781).

Муғаз ибн Жабал (оған Алла разы болсын) Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жәннатқа кіргізіп, тозақтан алыстататын амал жайлы сұрағанында, ол кісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Исламның рүкүндерін, кейін кейбір жақсылық түрлерін атап өтіп, артынша: **«Саған осының барлығының негізінде не жатқанын айтайын ба?»** – деді. Мен: «Әрине, иә, Алланың елшісі», – дедім. Сол өзінің тілін көрсетіп: **«Мынаны тый»**, – деді. Мен: «Иә Алланың елшісі, расында біз сөйлегеніміз үшін де сұраламыз ба?» – деп сұрадым. Сонда Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Адамдар беттерімен тозаққа, тілдерінің кесірінен басқа ісі үшін тасталына ма екен?»**, – деп жауап қатты (Термизи, Ахмад пен Ибн Мажә жеткізген).

Екінші: Жақсы сөз сөйлеу немесе үндемеу

Мұсылман адам сөйлеместен бұрын: «Бұл сөзімде пайда бар ма, әлде күнә бар ма?» – деп ой таразысына салады. Егер пайда болса, сөйлеп, ал күнә не бос сөз болған жағдайда ол сөзді сөйлемегені жөн. Әз Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл турасында: **«Кім Аллаға және де қиямет күніне иман еткен болса, жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін»**, – деп айтқан. Халқымыз: «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» немесе «алдына келгенін жеу – хайуанның ісі, аузына келгенді сөйлеу – наданның ісі» деген мақал-мәтелдерді жиі айтқан.

Сөздің жақсы, жаман екендігін ажыратпастан, имани не дүниелік пайдасы жоқ бос сөздің артына түсу – мұсылмандық әдетке жат қылық. Имам Мәлік «Муатта» атты кітабында төмендегі әңгімені келтіреді: «Адамдар Лұқман хакімнен оның қадір қасиеті туралы: «Біз куә боп жүрген дәрежеге жетуіңізге не себеп болды?» – деп сұрағанда, Лұқман: «Мен шыншыл болдым, аманатқа қиянат қылмадым және маған қатысы жоқ нәрсемен айналыспадым», – деп жауап берген екен. Табиғиндерден болған Хасан Басридің бір сөзінде: «Алла Тағаланың құлынан теріс бұрылуының белгісі: Ол оны өзіне қатысы жоқ істермен шұғылдандырып қояды», – дегені жеткен.

Үшінші: Аз сөйлеу

Ислам діні мағынасыз бос сөзден аулақ болуға үйретеді. Бос сөз – уақыттың жауы. Алла Тағала Құранда әртүрлі уақыттармен ант етеді. Оның себебі, әрбір уақыттың өзіндік құндылығы бар деген сөз. Уақыт адамның негізгі капиталы болғандықтан, оны адам тек

жақсы іске жұмсауы керек. Осы нәрсені білген адам бос сөз сөйлеуден тілін аулақ ұстайды. Өйткені, күнә емес деп танылатын жай сөзді сөйлеу арқылы да адам баласы Алла Тағаланы зікір етуден қағылады. Ондай бос сөздерді көп сөйлейтін адамның қоғамда да орны болмайды. Кісінің әдебі, тәрбиесі, білімі, сауаттылығы, мінезі оның сөйлеу мәнерінен айқындалады. Сол үшін де сөз – сөйлеушінің мінездемесі. Қазақ халқының «сөз қадірі – өз қадірің» дегенінің мәнісі осында жатыр. Сол үшін де мұсылман адам әрбір сөзіне жеке мән беріп, пайдалы сөз сөйлеп, бос әрі мылжың сөзден аулақ болуы өте маңызды. Көп сөйлеуші көп қателікке ұрынады, көп қателік жасаған адам көп күнәға душар болады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмметін мағынасыз бос сөзден аулақ болуға шақырып: «*Алла Тағала сендердің «былай делінді, олай делінді» деулеріңді, көп сұрақ қоюларыңды және дүниелеріңді ысырап қылып шашуларыңды жақсы көрмейді*», – деген (Бұхари, Мұслим).



Төртінші: Балағат сөздер айтпау

Мұсылман адам сөйлейтін сөзінің арасына арсыз, бейәдеп сөздерді қосудан сақтануы қажет. Өйкені ол – сөздің мәнісін кетірумен қатар, күнә. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арсыз сөздерді айтудан тыйып: **«Сөгу, қарғау, арсыз сөз, өсек айту мүминге (тән сипат) емес»**, – деп айтқан (Имам Ахмад). Демек, иманды адамның сөздері бірыңғай жақсы сөздерден құралып, арасына арсыз сөздердің араласуынан аса сақ болуы қажет.

Бесінші: Анық әрі асықпай сөйлеу

Әдетте тез сөйлейтін адамның сөзі түсініксіз келеді. Сондықтан ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) байыппен, асықпай әрі

анық сөйлейтін еді. Айша анамыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жеткен хадисте: **«Алла елшісі сөйлегенде сендер сияқты тез әрі түсініксіз сөйлемейтін»**, – деп айтқан (Бұхари, Мұслим). Хадистегі – «иәс-ру-ду» етістігіне қатысты имам Науауи:

«Бір-бірінің артынан ілестіре көп сөйлеу», – деп түсіндірген. Ибн Хажар Әл-Асқалани деген ғалым: «Естіген адамға түсініксіз болатындай бірінің артынан бірін жалғастырып асыға сөйлеу», – деген мағына берген. Мұсылман адам Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрсетіп кеткен үлгіге сай, көркем түрде асықпай, нақты сөйлей білуі керек.

Ислам діні мағынасыз бос сөзден аулақ болуға үйретеді. Бос сөз – уақыттың жауы. Алла Тағала Құранда әртүрлі уақыттармен ант етеді. Оның себебі, әрбір уақыттың өзіндік құндылығы бар деген сөз. Уақыт адамның негізгі капиталы болғандықтан, оны адам тек жақсы іске жұмсауы керек.

Думан САЙФУЛЛА

«Қазақ елі» толықметражды мультфильмі, 2016 жыл



АТА-АНАНЫҢ ДҰҒАСЫ

Дана халқымыздан: «Батамен ел көгереді, жаңбырмен жер көгереді», «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген аталы сөз қалған. Бата – дұға, тілек, ықылас сынды мағыналарды қамтиды. Мынау жалған дүниеде ең шынайы ықылас – ата-ананың баласына жасаған дұғасы.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Үш түрлі дұға міндетті түрде қабыл болады олар: ата-ананың баласына жасаған дұғасы, мазлұмның (зұлымдыққа ұшыраушы) дұғасы, жолаушының дұғасы»**, – деген (имам Термизи).

Тақырыбымызға орай ата-ананың балаға жасаған дұғасы хақында ой өрбітелік. Ендеше ең алғашқы болып балаға ізгі дұға жасушы кім? Әрине адамзаттың ата-анасы боған Адам ата мен Хауа ана. Бұл турасында қасиетті Құранда: **«Ол сондай Алла, сендерді бір-ақ кісіден (Адамнан) жаратқан, және оған тиянақ үшін жұбайын (Хауаны) жаратқан. Ол жұбайына жақындасқанда, жұбайы жеңіл түрде жүкті болды. Осылайша жүріп аяғы ауырласқан кезде, екеуі Раббылары Аллаға: «Егер бізге салиқалы презент берсең, әрине шүкір етушілерден боламыз» – деп жалбарынады»** («Ағраф» сүресі 189-аят). Міне, осылайша Алла Тағала Адам ата мен Хауа ананың көкірегіне салиқалы ұрпақ сұрауды салу арқылы ата-ананың баласы үшін дұға жасау керектігін үйреткен.

Дәл осыған ұқсас пайғамбарлар өз қауымдарының таңдаулысы, Раббысының ардақты елшісі болғанына қарамастан ұрпақтарының ұлағатты болуын бір Алладан сұраған. Мысал ретінде айтар болсақ; Ибраһим пайғамбар: **«Уа, Раббым! Маған салиқалы бала нәсіп ете гөр!»** («Саффат» сүресі 100-аят) – деп Жаратушысына жалбарынған. Демек ата-ананың баласы үшін жасайтын дұғасы ол бала дүние есігін ашпас бұрын басталуы керек. Ендеше бұрынғылырдан келе жатқан **«Уа! Жаратқан бала бер, бала берсең дана бер»** деген тілектің түп төркіні аталмыш аяттармен астарласып жатыр десек, кімнің таласы бар?

Бабаларымыздан жалғасын тауып келе жатқан сәбиге жақсы есім қою, отанына опалы болғай деп кіндігін кесіп туған жердің топырағына көму, шілдеханасын күзету, яғни, 40 күн бойы (босанған әйелдің тазару мерзімі) шақалақты тіл-көз, жын-жыбыр сынды кесірлерден қорғау, ел-жұрт үшін от кешкен шешен, қару асынған батыр, қара қылды қақ жарған би болсын деген ақ жарма тілекке толы бесік жыры болсын, бәрі-бәрі де перзентке жасаған дұға-

тілектің іс-әрекетпен орындалып жатқан көрінісі десек қателеспейміз. Тәй-тәй басқан нәрестенің аяғын ала жіппен байлап тұсауын кесетін дәстүрдің өзі – өмір жолында сүрінбесін, ешкімге қиянат жасамасын деген ізгі ниеттен туындаған ақ тілек. Тағы да сол сияқты мектеп немесе медресе табалдырығын алғаш аттаған шәкірттің зейіні артсын, білім жолы жарқын болсын деп бата алу мақсатында жасалатын «Тілашар» дейтін тамаша жосын бар. Осы орайда қазақ даласының шамшырағы, тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсаринның балалық шағынан бір үзік

сыр айта кетуді жөн көрдік. «Алтынсары 1844 жылы қаза табады да, Ыбырай атасы Балқожа бидің бауырында өседі. Ғалым Нәзілә Іргебаева Ыбырайға берілген ата тәрбиесі туралы: «Немересін адалдыққа, тапқырлыққа, турашылдыққа, шешендікке баулыған Балқожа оны өзімен бірге жиын-тойларға алып барып, билік айтқызып, қанатын қатайтқан... Балқожа би оқудағы немересіне хат жолдап, бір Құдайға тапсырғанын былай суреттейді.



Ибраһим пайғамбар: «Уа, Раббым! Маған салиқалы бала нәсіп ете гөр!» («Саффат» сүресі 100-аят) – деп Жаратушысына жалбарынған. Демек ата-ананың баласы үшін жасайтын дұғасы ол бала дүние есігін ашпас бұрын басталуы керек.



*«Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін, Хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман.
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрасың
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,
Қолыңа құрық алып күтер едің.
Тентіреп екі аудан арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?»* – дейді.

Ата үміті ақталды. Білімге құштар Ыбырай 1857 жылы мектепті алтын белгіге бітіріп, мектеп әкімшілігінен бірнеше рет алғыс алып, мақтау қағаздарымен марапатталады. Ең қызығы, сол мектепте орыс, татар тілдері, кеңсе қатынас хаттарын жазу үлгілерімен қатар шарифат негіздері де оқытылған. Деректер Ыбырайдың ана тілінен өзге орыс, араб, татар, парсы тілдерінде еркін сөйлегенін айтады. («Тұлғалар өміріндегі Ислам» атты кітаптан). «Бір Аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық!» – деп, қазақ руханиятын дүр сілкіндірген Ыбырайға Балқожадай

дуалы ауыз атасының берекелі батасы дарыған деп айтпасқа амалымыз жоқ.

Ұлы ержетіп, қызы бойжетіп құдаласу барысындағы күйеу жігіттің қайын жұртымен танысуы, келіннің ақ босаға аттаған сәттегі беташары, жұбайлардың шаңырақ көтеруі сынды игілікті істердің бәрінде ақ сақалды ата, ақ самайлы әже ел алдында жүрген ағалардың ыстық ықыласы, жүрек жарды тілегі, баға жетпес батасымен бастайтын кереметтей салт-дәстүрі бар. Тіпті алыс жолға жүретін жолаушының өзі батасыз аттанбайтын болған. Жаугершілік заманда майданға аттанған сарбаздарға үлкендер бата берсе, аналары «Оқ алдыңнан тисе, ақ сүтімді ақтағаның, артыңнан тисе, мойныңа арқалағаның» деп жігерін жанып, қайтпас қайсарлыққа баулыған.

Баяғыда бір батыр соғысқа сауыт кимей қатысқан екен. Күндердің бірінде сауытын киіпті. Мұның сырын сұрағандарға: «Бұрын мен қан майданға аттанарда анам ақ батасын беріп шығарып салатын, сонда сауытты да керек етпей, еш қаймықпастан шайқасатын едім. Үйде отырса да, дұғасы қорған болатын анам дүниеден өтті, енді сауыт кимеске шарасызбын», – деп күрсінген екен. Міне сондықтан да көреген көне көздер «Атаңнан бота алғанша, бата ал» немесе «Атаңнан бота қалғанша, бата қалсын» деген қанатты сөзді бекерге айтпаған.

Бүгінгі күнімізде де кәмелетке жеткен азамат отан алдындағы міндетін атқару үшін әскерге аттанғанда, әскери борышын орындап отбасына оралған сәтте жас сарбаздарға «Ел-жұртқа қорған бол! Отанның жүгін арқалайтын асыл азамат бол!» деп бата беріп, дұға-тілекпен құттықтайтын тамаша жосынымыз жалғасын табуда.

Күнгейдің де теріскей беті болатыны сияқты бата, дұға-тілектің де кері жағы яғни, теріс бата, бәд дұғалар болады. Әсіресе ата-ананың баласына айтқан алғысы да, қарғысы да айнымай дариды. Тіпті ата-ана баласын қарғап-сілеп, теріс дұға жасамай-ақ баласына ренжісе, налыса, кейістік танытса болғаны, ол баланың бақытсыз болуына жеткілікті. Өйткені, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Алланың разылығы – ата-ананың ризалығында, Алланың**

наразылығы – ата-ананың наразылығында» – деп қатаң түрде ескерткен. Ата-ананың ашуына тимейтін, қателеспейтін бала болмайды. Әйтседе ата-ана балаға наразы болмауы қажет. Исі қазақ білетін «Қыз Жібек» дастанындағы Төлегенге әкесінің берген теріс батасы тарих бетіне өкініш таңбасы боп қалғаны – әрбір ата-анаға ащы сабақ. Көбінесе әке-шеше баласының артық кеткеніне ренжісе де көңіліне кірбің ұялатпай, кешірім жолын ұстанып, мейірім шуағын перзентінен аямайды.

Барлық ата-ана баласының бақытты болуын қалайды. Осы жолда аянбай тер төгеді, саналы ғұмырын сарп етеді. Кейбір ата-аналар қолындағы бар мүмкіндігіне қарай дүниелік қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, тіпті шектен шығарып мастандырып жіберетіні де бар. Ал кейбір ата-аналар білімнің әр саласын оқытып, көптеген шет тілін үйретіп, елге танымал ету арқылы бақытты еткісі келеді. Әрине бұның бәрі лайықты мөлшердегі қажетті шарттар. Әйтсе де ең маңызды болған рухани тәрбиенің ақсап жатқанын ескермей жүрген елеулі қателігі, бүгінгі қоғамның орны толмас олқылығы. Мінсіз тәлімгер Пайғамбарымыз: (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) **«Әке баласына жақсы тәрбиеден артық мұра қалдырған емес»** (имам Термизи) – деп, ата-ананың өзі болмайтын болашақтағы ұрпағының таусылмас қазынасы, тозбайтын мұрасы, жоғалмайтын, тоналмайтын баға жетпес байлық рухани тәрбие екендігін өсиет еткен. Ұрпақтың рухани тәрбиесінің кемелді болу үшін иманының кіршіксіз, құлшылықта қажырлы болуы аса маңызды. Ұлы Жаратушымыз Өзіне дос тұтқан елшісі Ибраһим арқылы Құдай деген құлына: **«Раббым! Мені және ұрпақтарымды намазды толық оқитын ете гөр! Уа, Раббымыз дұғамызды қабыл етпейсің!»** («Ибраһим» сүресі, 40-аят) – деген тілекті аузынан тастамауға шақырған.

Қорыта айтқанда, ата-ана баланы жоқтан бар етіп Жаратушы емес, оның дүниеге келуіне бірден бір себепші екендігін жете түсініп, өзінің де, ұрпағының да бақытты болуы үшін үздіксіз Жаратушы Жаббар Иемізден жалбарынып дұға жасауды ұмытпағаны жөн.

Қызырғазы МӘЛІҚҰЛЫ

ЖОҒАЛЫП БАРА ЖАТҚАН 7 ТҮРКІ ТІЛІ

Жалпы түркі әлемінде 40-қа жуық тілде сөйлейтін 200 миллиондай адам өмір сүруде. Түркі жұртының тілдік көрінісін айқындау үшін сандарды сөйлейік. 200 миллион халықтың 40 пайыздайы бір, 70 пайызы 6 тілде, ал қалған 30 пайызы 34 тілде сөйлейді екен. Дегенмен бауырлас түркі халықтарының ішінде бірнеше тіл жойылудың алдында тұр. Бұлардың кейбіреулерінің әлсірегені соншалық, сол тілде сөйлейтін санаулы адамдар ғана қалған. Солардың арасынан жетеуіне ерекше тоқталып өтпекшіміз.

Ғағауыз тілі

Ғағауыз тілі түркі тілдерінің оғыз тобына жатады. Бүгінде бұл тілде сөйлейтіндер 100 мың адамнан аспайды. 2015 жылы ЮНЕСКО ғағауыз тілін жойылып бара жатқан тілдер қатарына қосты. Бұл халықтың ғалымдары мен тіл мамандары сайттар мен оқулықтар жасап тілдерін сақтап қалуға барынша тырысып бағуда.

Ғағауыз түркілері тілі жағынан болгарларға жақын, Молдова Республикасының оңтүстік батысында орналасқан Вулканешт, Комрат, Чадр-Лунга деген үш ауданнан тұратын автономиялы округте өмір сүреді. XIX ғасырдың басында Патша өкіметінің қысымымен Қырым түбегінен ауа көшкен. Болгарлар мен ғағауыздар XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басындағы орыс-түрік соғысы кезінде Дунай өзендерінің бойынан ығыстырылған. 1957 жылға дейін румын әрпін қолданып келген, қазір кирилл әліпбиін пайдаланады. Бұл тілдің болгарлық диалектісінде сөйлейтін 100-ге жуық қана адам қалған.



Хакас тілі

Хакасиядағы хакастардың түрі болмаса, діні де, тілі де, ділі де орыстанып барады. Себебі, аталған Республиканың өзінде хакас тіліне сұраныс жоқ. Хакастар (өз атауы – тадар, хоорай; ескір. минусин және абакан татарлары немесе түріктер) – Ресей құрамындағы байырғы түркі халқы. Жалпы 73 мыңдай жан болса, оның 90 пайызы Хакасияда тұрады. Сондай-ақ Краснояр өлкесінде 3,5 мың, Тувада 800, Томск облысында 700, Кемерово облысында 500-дей хакас өмір сүруде.

Хакас тілі – Хакасия Республикасының мемлекеттік тілі болғанымен, қолданыс аясы өте шектеулі. Хакас тілінің жазуы сагай және качин диалектілерінің негізінде құрылған, 1924–1929 жылдары кириллица графикасы қолданған, 1929–1939 жылдары латын әліпбиіне, 1939 жылдан бастап қайтадан кириллица графикалық негізіне аударылған.

Салар тілі

Салар тілі – ҚХР-дағы Цинхай провинциясының Сюнхуа-Салар автономиялы уезінде тұратын түркі ұлысының тілі. Біраз салар Құлжада да тұрады. Саларлардың саны 90 мыңнан астам, солардың үлкендері саларша, жастары қытайша сөйлейді. Ұзақ уақыт Қытай, Тибет, моңғол тілдес халықтардың қоршауында болғандықтан, сол тілдерден салар тіліне көп сөз енген.

Саларлар қазір тұрып жатқан жерлеріне XIV ғасырда қазіргі Өзбекстаннан көшіп келген (салар аңызы бойынша). Салар тілі оғыз тілдеріне жақынырақ, бірақ қазір басқа тілдердің (тибет, қытай, т.б.) ықпалына ұшыраған. Бүгінде Қытайдағы салар тілі тек сөйлеу тілі ретінде, оның ішінде отбасында қолданылады, жазуы мен әдеби тілі жоқ.



Шор тілі

Шор тілі – Алтай тауының солтүстік еңірін мекендейтін аз санды түркі халқының ауызекі сөйлеу тілі. Шорлардың жалпы саны – 13 мыңдай ғана. Алайда, ана тілінде сөйлейтіндер өте аз. Сөздік құрамы жағынан хакас пен алтай тілдеріне жақын. Тілдік қорында монғол мен орыс тілінен енген сөздер көп кездеседі.

Шор этносы тілінің қалыптасып даму тарихына тоқталсақ, VI-IX ғасырларда әр түрлі тіл араласқан жергілікті түркі тайпаларынан құралған. Ал 1925 жылы Таулы – Шор автономиялы ауданы құрылады. Ал 1931 жылы бұл территорияда 40 пайыз

шорлар тұрса, 1939 жылы бұл көрсеткіш он төрт пайызға дейін қасқарады. 1939 жылдан бастап Таулы – Шор автономиялы ауданы таратылып, жаңадан құрылған Кемеров облысының құрамына қосылған. Шорлар туралы жазбалар XVII ғасырдағы Кузнец татарларының жазбалары арқылы белгілі.

Айну тілі

Айну тілі (айни, эйну; абдал) – өз атауы Äynu (ئەينۇ) [ej'nu], ұйғырша Абдал тили/ ئابدال تىلى, қытайша:艾努語|艾努语 (àinǔ yǔ) -түркі тілдерінің Ұйғыр тобына жататын тіл, ұйғыр тілінің диалекті де

болып есептеледі. Айну тілінің лексикасында парсы тілінің әсері қатты байқалса, фонетика мен грамматикасында түркі тілдердің ықпалы басымырақ. Айну тілін ана тілі деп есептейтін айнилар 30 мыңның айналасында және Қытайда ресми түрінде ұйғырларға қосылған.

Шұлым тілі

Шұлым тілі (өз атауы *чулым тили*, *öc (июс) тил*, *татар тили*) Сібір, алтай тілдер әулеті түркі тармағы хакас тобына жатады. Шор тілінің кейбір диалектілеріне жақын. Шұлым тілі Орталық Сібірде Алтай тауларынан солтүстікке Шұлым өзені алабында таралған. Барлық тіл иелері орыс тілінде де сөйлейді.

Шұлым тілі Шұлым өзені бойындағы сөйлеушілердің қоныстану аймақтарына сәйкес келетін бірнеше диалектілерден тұрады - орта шұлым (екі сөйлеу мәнеріне ажырайды – тұтал және мелет – және Томск облысының Тегулдет аймағында кең таралған)

Шұлым тілі жойылудың сәл-ақ алдында тұр. ЮНЕСКО-ның жойылып кету қаупі бар тілдер Қызыл кітабіне енгізілген. Бәлкім, ширек ғасырда толығымен жойылып кетуі мүмкін. 2010 жылғы санақ бойынша 355 шұлымдықтың тек 44-і ғана шұлым тілін білетініні айтылады.



Қарайым тілі



Қарайым тілі түркі тілдерінің қыпшақ (солтүстік-батыс) тобының батыс-қыпшақ тармағына жатады. Литваның (Вильнюс, Паневежис) және Украинаның (Евпатория, Феодосия, Симферополь, т.б.) қалаларында, сондай-ақ Польша мен басқа елдердің кейбір қалаларында таралған. Бүгінде бұл тілді еркін меңгергендердің саны 100-ге жетпейді. 1989 жылғы санақ бойынша КСРО-дағы қарайымдардың саны 2600 адамды құраған. Қазіргі қарайым тілінің қызметі егде жастағы қарайымдардың тұрмыстық қарым-қатынаста қолдануымен

шектеледі. Демек, қарайым тілі қазір хал үстінде. Мұның өзі ертеңгі күні қарайым тілі ғана емес, сол тілде сөйлеген тұтас бір халық, яғни бір кездері Еуразияның Тынық мұхиттан Атлант мұхитына дейінгі аралығында ат ойнатып, билік жүргізген көк түрік ұрпақтарының бір әулеті, сол тілде жасалынған тұтас бір рухани әлем де бұл өмірмен қоштасады деген сөз.

Түйін

Тіл – қай халықтың болсын баға жетпес қазынасы. Тіл бар жерде ұлт та, ел де, жер де бар. Тіл – ұлттың байлығы мен қасиеті. «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді», – деп Фабит Мүсірепов айтпақшы, тілдің ұлт болашағы алдындағы киесі жоғары. Туған тілімізді қастерлеу, құрметтеу – әрбіріміздің міндетіміз.

Бекжан ТҰРЫС,
актер, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері:

ТОЙДАҒЫ АЙТАР ТІЛЕГІМІЗ, БАЛАҒА БЕРЕР БАТАМЫЗ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ



– Жуырда әлеуметтік желіден «Күнделікті күйбеңде, әр қадамымызда «Жұрт не айтады?» деген көрінбейтін көлеңке бар. Бұл – адамның еркіндігін жейтін ең қатерлі ой» деген жазбаңызды көзім шалды. Мұндай ой сізде де болып тұра ма?

– Жасырмаймын, мұндай ой менде де болып тұрады. Қазіргі қоғамның ең үлкен қателігінің бірі – өз тағдырын өзінің емес, жұрттың ойымен өлшеу. «Жұрт не айтады?» деген бір ғана сұрақ талай адамның арманын тұншықтырып, талай жүректің еркіндігін шектеп тастады. Оның зияны жеке адамға да, отбасыға да, тіпті тұтас қоғамға да әсер етеді. Отбасы деңгейінде де осы

ойдың салдары айқын көрінеді. Жақын адамдар бір-бірінің сезімін, мүмкіндігін емес, сырт көздің пікірін негізге ала бастағанда, өзара сенім әлсірейді. Балалар «елдің баласынан» кем болмау үшін өз қалауынан бас тартады, ата-аналар «жұртқа күлкі болмас үшін» шынайы мәселелерді жасырын ұстайды, ерлі-зайыптылар қарым-қатынастарын сыртқы бейнемен өлшеп, ішкі үйлесімді ұмытып кетеді. Осылайша отбасындағы жылулықтан гөрі жасанды көрініс басым болып, бірлік әлсірейді. Адам кейде өмірін өзгелердің пікірі үшін емес, өзі үшін сүретінін ұмытып қалады.

Жұрттың сөзі толқын сияқты: бүгін бір жаққа соқса, ертең екінші жаққа ұрады. Бірақ біз сол толқынның ішінде өз бағытымызды жоғалтып алдық. Өйткені өзімізге сенім аз. Өзіне сенген адам жұрттың сөзіне тәуелді болмайды. Қазіргі қоғамда көп адам өмірін өз қалауымен емес, көптің көзқарасына қарап құрып жүр. Киімін, сөзін, тіпті арманын да «жұрт не ойлар екен?» деп сүзгіден өткізеді. Адамның шын құндылығы – жұрттың пікірінен тәуелсіз бола білген кезде ашылады. Ішкі еркіндігі бар адам ғана өз жолымен жүре алады.

– Жылт еткен жақсылық та, жамандық та ел назарында. Телефонда отырып бірден пікір айтуға әуестеніп кеттік. Сөз бостандығы, ой еркіндігі деп жүргенде адамның көңіліне қараудан қалып бара жатқан жоқпыз ба?

– Ойласам, мың бір бәле тілден туған, Шешендер көп ішінде тілін буған.

Бір адам қателесіп сөз сөйлесе,

Жабылып мың пәлекет соны қуған, – әйгілі Шал ақын. Қазіргі қоғамда біреудің тағдырын талқылау – қатардағы әдетке айналып бара жатқан құбылыс. Қай жерде болмасын, әлеуметтік желіде де, күнделікті өмірде де біз өзгенің өміріне үңіліп, сөзіне сын айтып, жүріс-тұрысын бағалап әлекпіз. Біреудің амалын аңдыған сайын өзіміздің ішкі дүниемізді байқамай қаламыз. Ал шын мәнінде басқа адам туралы айтылған

әр сөз – өз тағдырымыздың көрінісі. Адам біреуді жамандағанда оның болмысын емес, өз ішіндегі күйзелісті, өзіне деген сенімсіздікті көрсетеді. Біреудің кемшілігін айту арқылы өзін биіктетемін деп ойлайды, бірақ бұл – көзге көрінбейтін рухани әлсіреу. Кейде жұрттың талқылауына түскен адамның тағдырын біз шынайы түсінбейміз: оның қандай ауыр жүк көтеріп жүргенін, не себепті солай әрекет еткенін білмейміз. Бірақ соған қарамастан, үкім айтуға асығамыз. Адамның көңілі әйнектей нәзік. Тіпті бір ауыз ауыр сөз де оның жанын жаралауы мүмкін. Сондықтан еркін ойымызды білдірсек те, жүректегі жылылықты жоғалтпау маңызды. Телефон арқылы жазылған әр пікір тек мәтін емес, біреудің тағдырына тиюі мүмкін. Осыны ұмытпауымыз керек.

– Танымал тұлғалар жайында теріс ақпарат тараса, соған өре түрегеліп пікір айту, анық-қанығын тексермеу халықтың сауатсыздығы ма, әлде сенгіштігі ме?

– Менің ойымша, танымал тұлға жайлы теріс ақпарат тарағанда халықтың бірден дүрлігіп, анығын тексермей пікір айтуы бір ғана себепке тірелмейді. Ол бірнеше фактордың қосындысы: сауатсыздық та

бар, сенгіштік те бар, сондай-ақ эмоцияға тәуелділік пен әлеуметтік желінің ерекшелігі де әсер етеді.

– Дін мен дәстүр, ана тілі мен руханият мәселелеріне келгенде үнсіз қалмадыңыз. Осыған орай сұрағым, бүгінгі қазақ қоғамының, әсіресе, ұлтымыздың болашағына сенесіз бе?

– Бұл – тек бір адамның көңіл күйіне емес, бүтін бір ұлттың тағдырына байланысты сұрақ. Болашақ дайын күйінде келмейді. Біз бүгін не жасасақ, ертеңгі ұрпақ соны мұра етеді. Қазақ қоғамы үшін дін, дәстүр, ана тілі және руханият – ұлттың тамырына айналған қасиетті ұғымдар. Мен ұлтымыздың болашағына сенемін. Өйткені халықтың жүрегінде үміт бар, рухында серпіліс бар, ең бастысы, жауапкершілікке бет бұрған сана бар. Болашақ өздігінен келмейді, ол біздің бүгінгі әрекетімізден құралады. Егер әр қазақ өз тіліне, дәстүріне, рухына адал болса, ертеңгі қазақтың да жүзі жарқын болады.

– Сіз жас кезіңізден көбінесе қариялардың рөлін сомдап келесіз. Осы қарт адамның образын жас кезде ашу мен егде жаста сомдаудың айырмасы қандай?





– Мен жас күнімнен қарттардың шапанына оралып өстім. Сондықтан болар қариялардың рөлін ойнап келем. Әрине, жас кезде әр сөзге салмақ салу қиын болады, техникалық тәсілдермен елестету арқылы ғана бересің. Ал жас өскенде қарттықтың психологиясын ойнамайсың, оны сезінесің. Қысқаша осы.

– **Діни басқарма ұйымдастырған бата беру сайысына төрелік жасадыңыз. Ақсақалдарымыздың деңгейіне қандай баға берер едіңіз?**

– Иә, Шымкентте өткен ақсақалдардың бата беру байқауында қазылар алқасы құрамында болдым. Шынын айтайын, бұл байқаудан қарным ашып қайтқаны рас. Өйткені, әр облыстан келген қария-

лардың қалай іріктеліп келгені маған беймәлім. Театрдың гастрольдік сапарымен еліміздің түкпір-түкпіріне барғанда, әсіресе, ауылдық жердің ақсақалдарының баталары ғажап болатын. Сондай сөзі ғажап қарияларымызды бұл байқаудан көре алмадым, қатысушылардың бата беруі көңілден шықпайды. Байқауда арнайы сұрақтар қойылып, мысалы, сүндеттелген балаға немесе жаңа туған нәрестеге берілетін бата секілді арнайы тақырыптар берілді. Бірақ көбіміз күнде, той-томалақ, дастарқан басында естіп жүрген жаттанды баталарды тыңдауға тура келді. Әйтпесе, қазақ халқында бата әртүрлі жағдайға байланысты әрқалай беріледі. Одан кейін адамдардың бәрі бірдей қартайғанмен даналық, көрегенділік бәріне бірдей қона бермейді.





Суреттер театр музейінің қорынан алынды



Елдік тұрғыдағы кезіндегі ақсақалдардың беретін батасын мен тек бір қатысушыдан ести алдым. Атын ұмытып тұрмын, өзі қандас қария екен, Моңғолиядан келген сол кісінің бойында жақсы сақталыпты. Қалғанына онша көңілім толмады. Әйтпесе бата деген ұлтымыздың бір бойтұмары ғой. Оны көкірегінде көзі бар, көпке өнеге сөзі бар қариялар беретін. Кезіндегі батагөй ақсақалымыз Шәкір Әбенев еді ғой. Әр нәрсенің ретіне қарай бата болады, батаның негізгі екі түрі бар: негізгі және лебізді бата деген екен. Сол сияқты батаның өзін талдап беретін ақсақалдарды байқаудан өкінішке қарай көре алмадым.

– Қазіргі таңда «той – халықтың қазынасы» деп айта аламыз ба?

– Негізгі той деген ұлттың рухани байлығы ғой. Егер тойды дұрыстап өткізетін болса, бұл – жалпы ұлтты, ағайын-туысты ұйыстырудың үлкен тетігі. Ал енді ашығын айту қажет, қазіргі тойлардағы жасандылық пен даңғазалық, айғай-шу, мұның бәрі сын көтермейді. Оның үстіне тойды өткізуші адамның да тағылымы мен тәрбиесіне тікелей байланысты ғой деп ойлаймын. Ол тойда ұрпаққа үлгі болуы керек сөздер айтылмаса, өнегесі болмаса, оның несі той? Қай тойымызда болмасын даңғырлаған музыка мен даңғазалық көп. Бұрынғы тойларда үйленіп жатқан жастарға үлкендердің айтары, өнеге, тәрбиесі бар еді. Өкінішке қарай, қазір ондай емес. Кейде ойлаймын, қазіргі ойсыз үйленіп, мұңсыз ажырасып жатқан жастардың көптігі осы даңғазалықтан шығар.

– Мұның себебі неде? Неден қателестік?


– Мысалы, үйлену тойы болса, қазір біз жастарға қаратып әңгіме айтпаймыз ғой. Тойдың иесіне қаратып тілек айтамыз, ал жастарға үлгі, өнеге болатындай, өсиет болатындай біз ештеңе айта алмаймыз. Осы бір нәрсе жастардың бойына жетпегеннен кейін де бүгін үйленіп, ертесі шаңырағы ортасына түсіп жатқандар аз емес. Баяғыда ата-әжелеріміз сөз берілгенде «Айналайын, айтылған тілекке құлақ салып, өсиетке терең, өсекке керең бол» деп келіні болсын, басқасына болсын соны айтып, батасын беретін. Ал қазіргі тойлардағы мұндай өнегелі сөздердің айтылмауы шын мәнінде жүректі қынжылтады. Әуелгі ата-әжелеріміздің айтары бар еді. Мәселен, кешегі Мұхтар Әуезовтің «Қарагөзінде» Нұржанның қызына айтатыны бар ғой, «Басқан ізіңнен сыналатын басқа әулетке кетіп бара жатырсың» деп. Сол сияқты кезінде де біздің шешелеріміз қыздарына «Айналайын, енді сенің көтеретін жүгің ауыр, қыз күніңтегі еркелігіңді төркінің тастап кет» деген сөздері бүгінгі күні де керек-ақ. Әрине, бата-тілек, өсиет-өнеге жалғыз үйлену тойға қатысты емес, ашамайлы атқа, мұсылмандық таққа отырып жатқан балалардың сүндет тойларда балаға беретін қазіргі кездегі бата-тілегіміз сын көтермейді.

Сайып келгенде, мұның бәрі сол той өткізушінің өзіне байланысты деп ойлаймын. Әйтпесе, той деген жәй ғана келіп ішіп-жеп, айғай-шумен өтіп кететін жер емес. Ұлт пен туысты ұйыстыратын үлкен тетік деп білем.

Сұхбаттасқан Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Өсек

Өтірік



БЕС ДҰШПАННЫҢ ЕКЕУІ – ӨСЕК ПЕН ӨТІРІК

Қазақ зиялылары жазған еңбектерге зер салсаңыз, қай-қайсы да адамдарды оқу-білімге, қоғамды жақсылыққа шақырып, оқырманын ізгілікке үндейді. Әсіресе, халқымыздың бас ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері нағыз гуманистік ұстанымды насихаттайды. Соның бірі «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңіндегі бес дұшпанның екеуі жайлы ой қозғап көрелік.

Хәкім Абай бүгінгі таңдағы бастауыш сынып оқушылары жатқа айтатын осы өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз», – деп адам баласының көзге көрінбейтін бес дұшпанын тізіп береді. Жатталуы оңай әрі сөздері жас балаға да түсінікті болғандықтан бұл өлең мектеп жасынан оқып-жаттауға ұсынылып келеді.

Осы өлеңдегі өсек пен өтірік жайлы халқымызда қанатты сөз де көп-ақ. Екеуі «туыс» ұғым болғандықтан, әрдайым бірге айтылады. «Өсекші мен өтірікші – егіз», «Қылыш тәнді жаралайды, өсек жанды жаралайды»,

«Итке төсек не керек, естіге өсек не керек» деген сынды қазақ афоризмдері адамдарды өсек пен өтіріктен сақтандырады. Егер адамның тілінде өсек те, өтірік те болса, оның біреуінен тыйылу, яғни, түбегейлі тоқтату, екіншісінің де жоғалуына сеп болады. Өйткені екеуі – егіз ұғым.

Данышпан Абай өзінің қырқыншы қара сөзін: «Осы, біздің қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?» деген сұрақпен бастайтыны мәлім. Күнделікті тұрмыста достармен не ағайын-туыс, таныстармен кездесулерде, шәй үстінде айтылатын әңгімеге мән беріп қарар болсақ, бірнеше адамды жамандап тастағанымызға көз жеткізер едік. Ал енді оның қайсысы өтірік, қайсысы шын, қайсысы өсек екенін айырып көргін. Танымал тележурналист Бейсен Құранбектің тірі күнінде айтқан мына сөзі жоғарыда айтылғандай есті адамға өсек, ғайбаттың қажет еместігін тағы бір еске салады: «Менің де жастықпен, мастықпен басқалар туралы ғайбат айтқан кездерім болған. Бірақ кейінгі он жылда өзіме ешкімді жамандамау, жазғырмау, айыптамауды ұстаным етіп алдым. Өйткені өзімнің де, өзгелердің де періште емес екенін түсіндім. Әркім өз түсінігі, білімі, ақылы, тәрбиесі, пайдасы тұрғысынан әрекет ететінін ұқтым».

«Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам»

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өсиеттеріне сүйеніп айтар болсақ, шындық жақсылыққа, ал жақсылық жәннатқа бастайды. Сол секілді өтірік жамандыққа, ал жамандық бұл дүниеде адамды мазаққа, мәңгілік өмірде азапқа жетелейтіні хақ. Мұны біздің дана бабаларымыз «Өтірік өрге басқызбас» деп қысқа қайырған. Қазіргі уақытта өтірікті суша сапырудың белең алғаны сондай, шындық пен өтірікті ажырата алмайтын деңгейге жетіп қалдық. Өйткені қоғамда сөздің салмағы қалмады. Хәкім Абайдың: «Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай тынбайтұғыны қалай?» деген сөзі бүгінгі күні де өзекті. Бұрын «Ердің ерден несі артық, ептестірген сөзі артық» деген болса, қазір өтірікті шындай қылып айтатындар көбейіп, оларды «ер» деп

атауға қиналып қалдық. Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Әзілдеп болса да өтірік айтпаған адамның жұмаққа кіруіне кепіл болам»** деген хадисі өтірігін тастай алмай жүрген жандарды ойландыруы тиіс.

Осы уақыттағы кең етек алған өтіріктердің негізгі екі себебі – алаяқтық пен лудомания. Себебі, алаяқтардың арбау сөзі талай адамды қарызға батырып, біреулерді айдың күні аманда банкке қарыз қылып, енді бірінің үйін тартып алуға дейін барды. Ал құмар ойынның құрсауында жүрген лудомандар ақша табу үшін ұрлыққа да баруы мүмкін, ал одан бұрын жақын туыстарын, достарын мазалап, әрқайсысынан ойдан құрастырған өтіріктеріне сендіріп, жалынып жүріп қарызға деп ақша алады. Оның негізгі жан қиналысын білмеген жақыны ойынқұмар туысын аяп жарылқайды. Кейін алданғанын біліп, ақшасын қайтарудан үмітін үзеді.

Соңғы кезде жиі айтылатын өтіріктің бірі – өзі қалап тұрмаған нәрсесін алдағы уақытта орындайтынын білдіру үшін «Алла қаласа, Құдай қаласа» деген сөзді қосып айту.

Мұны имам-ұстаздар өзі қаламайтын нәрсе, адамға қатысты «Алла қаласа» деп айту анық өтірік, оның күнә екенін айтады. Өйткені адам баласы бір нәрсені болашақта істеуге ниет танытса, оны басқаларға баяндаған кезде «Алла қаласа осылай істеймін» деп айтады. Бұл қасиетті Құран Кәрімде де келген бұйрық екені белгілі. Егер ол қарекетін еркінен тыс себептермен орындай алмаса, өтірікші болмақ емес. Сол секілді өзі қаламаған нәрсесін «Алла қаласа істеймін», жанына жақын тартпаған кісінің жүзіне өтірік күліп «Алла қаласа кездесіп шәй ішерміз» деп сөз жүзінде қалдыру күнә болмақ.

Қазақ халқының қанатты сөздерінде «Тау мен тасты сел бұзар, адамзатты сөз бұзар», «Тіл тас жарар, тас жармаса бас жарар» демекші, өсек пен өтірік ешбір адамды, қоғамды өрге бастырмаған. Ол өзімен бірге өзге де жамандықтарды алып жүреді. Сондықтан көрінбейтін бес дұшпанның осы екеуінен арылудың өзі нәпсі тәрбиесін өте маңызды.

Ермұрат ШОПАН

УӘДЕ – ҚҰДАЙ СӨЗІ

Пайғамбарларға тән бес қасиеттің бірі «сыддық», яғни, шын сөйлеу және шыншылдық еді. Бұл сипат Пайғамбарлардың ақиқатты ту етіп, қандай жағдайда болмасын берген сөзінде, сертінде тұратындығын меңзейді. Себебі Пайғамбарлар – Алланың адамдардың арасында елшілік қызметін атқаратын таңдаулы тұлғалар.

Елшілік қызметіне таңдалған тұлғаның осындай қасиеттерге бекем болуы – міндетті іс. Керісінше болса, адамдар, қауымы оған сенбес те еді. Қоғамда адамдардың арасында бір-біріне сену, аманат қылып зат тапсыру, уәдеде тұру, берген сөзге бекем болу деген қасиеттер қалып бара жатыр. Сол себептен болса керек, «ол екі жүзді адам» деген атау кең тарауда. Міне, осыны білген Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай дейді: **«Мұнафиқтың үш белгісі бар: сөйлеген кезде өтірік айтады, уәде берсе, сөзінде тұрмайды, аманатқа қиянат жасайды»**, – дейді (имам Бұхари, Мүслим риуаяты).

Қасиетті Құран Кәрімде Алла Тағала айтқан сөзінде тұрмайтын адамдарды жазғыра отырып: **«Уа,**

иман келтіргендер! Өздерің істемейтін нәрсені неге айтасындар?!» («Саф» сүресі, 2-аят), – деп мұсылман құлдарына сұрақ қояды. Біз айтқан сөзімізде, сертімізде бекем болғандай, Аллаға берген сөзімізге де, сертімізге де бекем болуымыз керек. Өйткені Құранда:

«...Сертке берік болыңдар! Өйткені берілген серттің сұрауы бар!» («Исра» сүресі, 34-аят), – делінген.

Жоғарыда «Аллаға берген сөзімізге де, сертімізге де» деп айтылды. Мұндағы мақсатымыз адам баласы қашан сөз бергенде, серттескенде «Аллаға ант етейін», «Алла куә», «Алланың атымен» деген кезде ортаға Алланы байлаған, куәгер қылған болады. Бұлай жасау арқылы ең үлкен сертті мойынымызға ілдік, енді оны орындау керегін әсте ұмытпауға тиіспіз. Орындамасак,

Алланың құзырында қара бет болып, керек болса Алла Тағала бұл дүниеде де бізді масқара қылады.

Берген сөзінде, сертінде тұратын жандарды да Алла Тағала Құранда мақтап, былайша дәріптейді: **«Мүміндердің арасында Аллаға берген сертінде тұрған нағыз ерлер бар. Олардың кейбірі уәдесінде тұрып, (Алла жолында) жанын пида қылды. Енді біреуі (өз кезегін) күтуде. Олар серттерінен әсте тайған да, әуелгі қалыптарынан еш айныған да емес»** («Ахзаб» сүресі 23-аят).

Әнас ибн Мәлік (Алла оған разы болсын) бұл аяттың көкесі Әнас ибн Надр және соған ұқсаған адамдарға қатысты түсті дей отырып, былай баяндайды:

«Көкем Әнас ибн Надр Бәдір жорығына қатыспаған еді. Осы себепті Пайғамбарымызға: «Уа, Алланың елшісі! Мүшріктермен болған алғашқы жорықта (Бәдір) қатарға қосыла алмадым. Егер Алла мені мүшріктерге қарсы тағы бір жорыққа аман-есен жеткізсе, көрсететін қаһармандығымды Алла баршасына көрсетеді», – деп сөз береді. Ұхыд тауында мұсылмандар жеңіліске ұшырағанда ибн Надр: «Уа, Алла! Бұлардың, яғни, мұсылмандардың жеңілісі себебінен сенен үзір тілеймін, ал мыналардың яғни мүшріктердің де Пайғамбарға деген қарсылығынан сенен пана тілеймін», – дей отырып мүшріктерге қарсы бет алады. Жол бойында ибн Надрға ибн Мұғаз тап болады. Сол сәтте: «Әй, Сағд ибн Мұғаз! Жәннатты қалаймын және Надрдың Раббысына ант етейін, мен жәннаттың исін Ұхыдта сезіп тұрмын», – дейді. Осылайша сөзінде тұрып Ұхыдқа аттанып, жорыққа қатысады. Бұл сөзді естіген Сағд ибн Мұғаз Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, Алланың елшісі! Ибн Надрдың дұшпанға қарсы соғыстағы әрекетін сөзбен айтып жеткізе алмаймын», – дейді. Осы сөзді естіген Әнас ибн Мәлік, Сағд ибн Мұғаз да қостай келе былай дейді: «Біз шәһидтердің арасынан Ибн Надрды тапқанымызда оның денесінде қылыштың кескіні, найзаның сұғылған тесіктері, оқтың (жебенін) қадалған орындарын санаған уақытта сексенге жуық тесікке куә болдық. Тіпті керек болса, мүшріктер оны аяусыз (мұрнын, құлағын және басқа да дене мүшелерін) кескілегені соншалық біз оны танымай өтіп кететін едік. Тек қана туған қарындасы оның бармақ

ұшынан байқап қойды» (Бұхари). Берген сөзінде тұрған Әнас ибн Надр неткен бақытты жан еді!

Ал берген сөзінде, сертінде тұрмайтын адамдарды Алла Тағала жазғыра сөйлеп, былай дейді:

«Араларында: «Егер Алла бізді шексіз шарапатына бөлеп, мол дүние-мүлік беріп жарылқаса, міндетті түрде зекет-садақа береміз әрі үнемі игілікті істер істейтін ізгі жандардың қатарынан табыламыз», – деп Аллаға уәде бергендер бар» («Тәубе» сүресі, 75-аят).

Бұл аят Сағләбә ибн Хатып жайлы түскендігі жайлы риуаяттарда келеді. Сағләбә Пайғамбарымыздан Алла Тағаланың өзі үшін көптеген мал-дүние беруі үшін дұға жасауын үміт етті. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Сағләбә! Ақысын беріп өтеген аз мал, күш-қуатың жетпейтін малдан да қайырлы»**, – дейді. Сағләбә бұл қалауын тоқтатпай, қайта-қайта Пайғамбарға жалынады да былай дейді: «Сені ақиқат Пайғамбары етіп жіберген Аллаға ант етейін. Алла маған мал беретін болса, оны тиесілі орынға жұмсаймын». Бұл сөзді естіп Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дұға жасайды. Сағләбә өте бай, бақуатты жанға айналады. Төрт-түлік малының көптігі соншалық Мәдина қаласына сыймай, соңында басқа жерге көшіп кетіп, жұмаға келместей болады. Тіпті Пайғамбарымыз зекет жинайтын адамдарын оған жіберген сәтте зекетін бермей, құр алақан қайтаратын. Осыған көзі жеткен Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Сағләбәға өкініш болсын»**, – дейді. Сөйтіп, Сағләбә кедей кезінде берген уәдесін байыған кезде орындай алмай, құрдымға ұшырады.

Қазақ халқында өлімнен ұят күшті болған. Уәдеге, сөз беруге қатысты ер-азаматтың намысын жанитын, жігерлендіретін нақыл сөздер әлі күнге дейін өз маңызын жоймады. Мысалы, «Екі сөйлеу – ерге сын, «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені». Уәдеге бекемдік қоғамның дұрыстығына, тыныштығына себеп болады. Сенімсіздік бой көтерген жерде ұят та жоғалып, адамдар арасында бір-біріне деген дұшпандық өршуі мүмкін. Алла баршамызға сөзімізде бекем болуды нәсіп етсін!

Шалқар ЖОЛДЫ,
«Әзірет Сұлтан» мешітінің ұстазы

ҚАЗАҚТЫҢ ТҢҒЫМДАРЫ

Тыйым сөздер – ұлттың байлығы. Бабалардан жеткен, даналардың ақыл-ойынан туған тұнып тұрған құндылық, асыл қазына мен пайымдар. Бұл – тәрбие құралы ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан, бүгінгінің оқыған кітабындай, тоқыған өрмегіндей дүние деп білеміз.

Кейде өзіміздің өнегемізді ысырып қойып, талғап-талдамай, өзгенің қаңсығына жабысатынымыз бар. Одан тапқан пайдамыздан гөрі зиянымыз көп. Көптеген ырым мен тыйымның негізі Ислам дінімен сабақтас. Мысалы, «сол қолмен ас ішпе», «шашты, тырнақты отқа тастама» деген тыйымдардың діни негіздері бар. Бұл шарифат қағидаларымен де үйлесетін тұстар.

«Бетінді баспа, жағынды таянба» дейді қазақ. «Бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым, жалма-жан», демейтін бе еді Абай? Ұяттан безіп, жасаған арсыздығы ашылғанда, не күнәға батып, ол жария болғанда пенде бетін басады. Жақты таяну да, жақсылықтың нышаны емес. Амалы құрып, айласы таусылған адам сол күйге түседі.

«Мойныға жіп салма, пышақтың жүзін жалама, таңдайынды қақпа, басыңды шайқама, ішегіңді, табаныңды тартпа» – бұл сөздердің де тамыры тереңде. Мойынға жіп салу (мұндай әрекеттің соңы адам өлімімен аяқталғанын көріп, естігеніміз бар) арам өлімге итермелейді десе, пышақтың жүзі тіліңді кесіп кетеді, таңдайынды тақылдатсаң, басыңды шайқасаң, оқыс оқиғаға тап боласың, бұдан аулақ бол деген емеурінді есіңе салады.

Бір сөзбен айтқанда әр салаға қатысты қазақтың тыйымдары көп. Солардың ішінен отбасының ары мен ұятына баланған әйелдер мен шаңырақтың шаттығы – балаларға қатысты біршама тыйымдар жөнінде айтып өтейік.

Қыз-келіншектерге қатысты ырым-тыйымдар

Қыз – ұлттың ұяты, ұрпақтың – анасы дейміз. Бұрынғылар: «Қызға қырық үйден, қала берсе қара күңнен тыйым», – дегенді мәнімен, мәнеріне келтіріп айтып, жауапкершілікті ер азаматтарға тіреп қоятын. Өйткені әйел ерге қарайды, ер жерге қараса не болатынын әдемі жеткізген. Жаңа түскен келіншектің қырық күн толмайынша ел араламауы да әдептілік саналған. Өйткені жаңадан түскен келіншекке көптің көзі түсіп, сұқтануы әбден мүмкін. Мұнда әйел табиғатына тән нәзіктік пен оның ұрпақ жалғастырушы ретіндегі рөлі ерекше ескерілген. Қыз балаға «ұят болады», «жүріс-тұрысыңа сақ бол» деп айту – оның абыройы мен беделін сақтауға негізделген.

«Шашыңды жайма». Шашын жайып жүру бүгінгі қыз-келіншектер үшін әдеміліктің бір белгісіне айналған. Шындап келгенде қазақта шашын жаю жақсы ырым емес. Қыздар ет жақыны, бауыры қайтыс болғанда, әйелдер күйеуі дүниеден озғанда ғана шашын жайып, жоқтау айтып жылаған. Екіншіден, қазақта қыздың шашы – ар мен ұяттың, тектіліктің белгісі. Шашты жинап жүру тәрбие мен ұқыптылықтың көрінісі. Ал шашты жайып жүру қыз баланың жеңіл мінезділігіне, тәрбие көрмегеніне баланған.

«Екінті мен ақшам арасында жалаңбас далаға шықпа немесе суға барма». Бейуақта кез келген адам абайламаса түрлі жазатайым жағдайларға ұрынып жататынын білеміз. Әсіресе аяғы ауыр келіншек, жаңадан түскен жас келін дәл осы бейуақта аса сақ болғаны абзал.

«Жүкті әйел шашын кеспейді». Қазақ жүкті әйел шашын кессе, бағы таяды, іштегі баланың бақыты кемиді, кемтар туылады, қол-аяғы қысқа болады деп ырымдайды.

«Әйел итке тас лақтырмайды». Қазақта ит тек үй жануары ғана емес, шаңырақтың күзетшісі, берекенің иесі деп есептеледі. Ал әйел – шаңырақтың ұйытқысы, тіршіліктің өзегі. Сондықтан ұйытқы мен берекенің арасында жарасым болуы керек деп түсінген. Итке тас лақтыру – ашу, агрессияның белгісі. Ал әйел затына ондай мінез үйлеспейді деп санаған. Мұндайда қазақ үйдің ырысы кетеді, әйелдің бағы қайтады деп түсінген.

Балаға қатысты тыйымдар

Балалар тәрбиесінде де көптеген тыйымдар мен ырымдар бар. Мысалы, сәби шалқасынан жатып,

алаңсыз ұйықтаса, елге белгілі азамат болып өседі деп ырымдаған.

«Бейуақта баланың киімін далаға жаймайды».

Қазақ ұғымында **бейуақ** – күн батып, қараңғы түсе бастаған мезгілден бастап таң атқанға дейінгі уақыт. Бұл мезгіл жын-шайтан мен тылсым күштердің еркін жүретін кезі деп есептеледі. Пайғамбарымыздың да (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл уақытта жер бетіне жындар түсетінін айтқан. Қазақтың ырым-тыйымының көбі де дәл осы бейуақпен байланысты болып келеді.

Бала – періште, әлсіз, тез әсерленгіш. Сондықтан баланың киімі далада ілініп тұрса, сол тылсым күштер

«киім арқылы балаға зиян тигізеді» деген сенім бар. Екіншіден, түнде басқа адамдар киімді байқамай, не балаға арналуын біліп, ішінен бірдеме десе немесе қызығып қараса «көз өтеді» деп түсінген. Бұл да – қазақтың көз тию, тіл тию деген нанымымен байланысты. Ал үшіншіден, түнде жайылған киімге шаң, ылғал, жәндік, тіпті қараңғыда ұшатын жаратылыстар (түн көбелегі, маса, т.б.) қонуы мүмкін. Бұл – тазалық жағынан да дұрыс емес. Баланың иммунитеті әлсіз

болғандықтан, киімге жабысқан кір мен зиян баланың денсаулығына қауіп төндіреді. Сондықтан таза, құрғақ, күн көзінде кепкен киім ең дұрыс деп есептелген.

«Жаңа туған сәбиді айна қаратуға болмайды».

Тілі әлі шықпаған баланы айнаға қаратса, тілі шықпай қалады деп жатады. Қазақ дүниетанымында айнаға қараған адамға тылсым күштер тез әсер етуі мүмкін. Ал жаңа туған нәресте ондай тылсым әсерге осал болатыны сөзсіз. Бұл тыйым арқылы сәбиді қорқыныштан, шошынудан қорғау көзделген.

«Балаға үлкен адамның киімін кигізбе». Бұл жерде баланың энергетикалық әлсіздігі мен үлкен адамның өмірлік жүгі арасында байланыс бар деп сенген. Үлкен кісінің киімінде оның аурасы, тіршілігінің ізі болады, ал оны кию балаға ауырлық, салмақ әкеледі деп есептелген. Сонымен қатар бұл баланың киімін бөлек ұстап, тазалыққа мән беру дәстүрін де көрсетеді.

Біз көбіне ұлттық құндылықтарды айтқанымызбен, өмірде көп қолдана бермейміз. Ендеше, ұлттық құндылықтың бір саласы саналатын тыйым сөздерді де қажетімізге жаратып, жастардың көкейіне қондыра алсақ, ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Кеулімжай ҚҰТТЫ

ЕКІ ТҮРЛІ СТАНДАРТ

Алты жасар бала түнде ата-анасымен кино көріп отыр. Ең әуелі, мұның өзі өрескел қателік. Бірақ, айтпағым басқа жайт. Кенет анасы: «Тұр, төсегіңе жат. Бұл үлкендер көретін кино», – дейді. Немесе кино барысында, «көзіңді жұм, қарама, ұят болады» дейді. Көруге болмайды деп өздері емін-еркін тамашалауда. Мұндайда бала дұрыс пен қатені қалай ажыратады? Ұят барлығына ортақ ұғым емес пе?

Балаға көруге болмайтын жайтты, әке-шеше неге көреді? Ана баласына жаман бол демейді. Бар білген жақсы сөзін айтады. Жұрттың баласы сияқты жақсы мен жаманды ажыратса деп тілейді. Бірақ, ананың сөзі мен ісі үйлеспесе, сөздің құны жоғалады. Міне, бұл – құндылықтарға қатысты екі түрлі стандарт. Мәселе мынада, ересектер кейде өзін баладан артық санап, балаға тыйым салғанды өзі істейді. Алайда, бұл олай емес.

Құндылық пен көркем мінез ешуақытта үлкенге және кішіге деп бөлінбейді. Әке дауыс көтеруге өзін құқылы деп біледі делік. Мұндайда баланың да дауыс көтеруіне рұқсат беруі керек. Ата-ана ашуланшақ болса, баласы ашуланғанда қой демейді тиіс. Әкенің айтқан сөзін бала да айтуға құқылы. Кез келген жағдайда ашуланып, балағаттап және бала-шағасын ұрып-соғатын әке бар делік. Ал, анасы: «әкеңді құрметте», – десе, мұндай жағдайда бала ой-санасындағы ұғымдар шатасады. Бала ұғымындағы ең қадірлі жанның қол көтеруі, ең жаман сөз айтуына рұқсат па? Осылайша, баланың санасында дұрыс пен қате, жақсы мен жаман ұғымы араласады.

Мәселен, әке жұмыстан келді делік. Ұл-қызы у-шу боп, үйді астаң-кестең етіп жатыр. «Сендерге мың рет айттым, шуламаңдар», – деп бар дауысымен айқайлады. Бірақ, мұндай айқайдың пайдасы шамалы. Мәселені шешу жолы қандай болмақ? Бала құлақ асып, дұрыс түсінсін десеңіз, байсалдықпен айтқан тиімді. Сонда бала мұны ертеңгі күнге дәріс деп біледі. «Айқайлама» деп айқайлап айтқан тиімді емес. «Ініңді ұрма» деп үлкен баласын ұруы... Бұл да – құндылықтарды екі стандартта қолдану.

Мына жағдайға қараңыз. Әке жұмыстан ашулы күйде кіріп келді. Үйдегілерге дауыс көтеріп жатыр. Жүзі түнеріп кеткен. Кенет телефоны шырылдады. Бірер сәт бұрын айналасын қырып-жойып жатқан әке басқаша бір бейнеге енді. Өте жұмсақ және мейірімді дауыспен: «Ассалаумағалейкум! Уа, досым, қош келдің!», – деді. Бес-алты жасар бала әкесіне таң қалып қарап тұр. Бірнеше секунд бұрын ғана арыстанша ақырған әке мейірімді де жұмсақ кейіпте сөйлесуде. Бұл қалай? Бала санасы мұндай эмоционалды өзгерісті қорыта алмайды.

Енді, аналар. Күн бойы бала-шағасына дауыс көтеріп, ұрсып жүреді. Барлығын бір шыбықпен айдап жатады. Көрші әйел кіріп келгенде анасы танымастай өзгеріп шыға келеді. Күлімсіреп жайдары кейіпте әңгімелесіп отыр.

Бала тәрбесінде мұндайға жол бермеңіз. Сөз бен іс-әрекет арасындағы мұншама алшақтық бала тәрбиесіне теріс әсерін тигізеді. Сіздің айтқан жақсы сөздеріңіз зая кетеді. Мынадай қызық жағдай болған. Екі жасар бала душтан сүлгісін оранып шығады. Бөлмеге қарай жүрігіп бара жатқан-да сүлгісі сытылып түсіп қалады. Үйдегілер ішек-сілесі қатып жатты. Бала үлкендердің жүзінен шаттық белгісін көреді. Ертесіне балконда орындыққа шығып, киімдерін шешіп тастайды. Анасы: «Не істеп тұрсың? Тез киіміңді ки», – деп бар дауысымен баланың зәресін алады. Кеше барлығы күлген. Бүгін ұрсып жатыр. Неге? Бала түсіне алмай дал. Кешегі күлген жағдай үшін бүгін ұрыс естіді. Не болса да, киіммен жүру әдеп екенін түсінгендей болды. Бір апта өтеді. Отбасы жазғы демалыс ретінде көлге барады. Көл жағасында анасы: «Қане, киімдеріңді шеш», – дейді. Бала түсінбей: «Киімдерімді шешейін бе, әлде киіммен жүре берейін бе?», – деп анасына сұраулы түрмен қарайды.

Мұндай жағдай баланы қатты қобалжытады. Бір әрекетті істегені үшін де, істемегені үшін де ұрыс естуі мүмкін. Нәтижеде ата-анасының сөзіне толықтай сенуге болмайтынын түсініп өседі. Әке сөзінің салмағы біртіндеп жоғала бастайды. Соның салдарынан тәртіп сақталатын көптеген отбасыда бала-шаға тәртіп дегенді жек көріп өседі. Себебі, бала көзінде қатаң тәртіп – тікелей әке-шешенің жүріс-тұрысы және

қарым-қатынасы. Алайда, әке-шешенің сөзі мен іс-әрекеті арасында жер мен көктей алшақтық байқалып тұрады. Айтқан ақылы мен істеген әрекеті бір-біріне түбегейлі қайшы.

Әдетте, көпшілігіміз көшеге әдемі, үйлесімді киімімізбен шығамыз. Ең жақсы сөздерді теріп сөйлейміз. Үйде киімге мән бермейміз. Жүріс-тұрыс пен сөйлейтін сөзге де аса көңіл аудармаймыз. Енді жағдайға бала көзімен қарап көрейік. Әкесі көшеде әдеппен сөйлеп, үйде көрмеген мұқияттылық танытады. Ал, үйде әкесі өзгеріп шыға келеді. Әке құндылықтарға екі түрлі стандарт қолдануда. Баланың әлемінде рухани құндылық, қарым-қатынастағы көңіл-күй, мейірім, ашу-ыза, тәртіп, ұрыс-керіс, талап және зорлық-зомбылық барлығы араласып кетті.

Маған ерекше әсер еткен жайт он жасар баланың сөзі. Ол бала: «Әкем көшеде жұртпен ерекше ашық-жарқын. Барлығы жақсы дегендей бас бармағын көрсетіп жүреді. Адамдар да әкемді: керемет азамат. Мейірімді де ақкөңіл деп жатады. Бірақ, үйде анаммен өте дөрекі, мінезі жаман. Мен әкемнің кім екенін білмеймін. Оның шынайы бейнесі ел алдындағы ашық та ақкөңіл көрінісі

ме, әлде үйдегі жаман мінезі ме?

Бала санасында құндылық дұрыс қалыптасуында ата-ананың сөзі мен іс-әрекеті бір болуы маңызды рөл атқарады. Бала естіген сөзіне теріс әрекет көргенде құндылықтар құнсызданып кетеді. Демек, сөздің құны әрекеттен көрініс табады.

Руслан ҚАМБАР,
Алматы қаласы «Қалқаман»
мешітінің имамы

Құндылық пен көркем мінез ешуақытта үлкенге және кішіге деп бөлінбейді. Әке дауыс көтеруге өзін құқылы деп біледі делік. Мұндайда баланың да дауыс көтеруіне рұқсат беруі керек. Ата-ана ашуланшақ болса, баласы ашуланғанда қой демеуі тиіс.



КИБЕРБУЛЛИНГ: СМАРТФОНДАҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕР

Кибербуллинг дегеніміз – интернет немесе әлеуметтік желі арқылы біреуді қорқыту, кемсіту, қорлау мен мазақтау. Әдетте буллинг адамдарға физикалық немесе психологиялық қысым жасаумен көрініс тапса, кибербуллинг эмоционалдық тұрғыда зардап шегуге әкеледі. Ал шариятымызда біреуді қорқытуға, қорлауға, мазақ етуге, айыбын ашуға, кемсітуге тыйым салынған.

Ол жөнінде қасиетті Құран Кәрімде де, ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде анық айтылған. Мәселен, имам Бұхари мен Мұслим риуаят еткен хадисте екі дүние сардары (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мұсылман үшін мұсылман бауырын өзінен төмен санаудан (кемсіту, қорлау) асқан жамандық жоқ. Мұсылманның қаны, дүние-мүлкі және ар-намысы өзге**

мұсылмандарға – харам», – десе, өзге бір өсиетінде: **«Мұсылманның мұсылманды қорқытуы – халал емес»,** – деген (Әбу Дәуіт).

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ғұламалар кеңесінің кибербуллингке қатысты пәтуасында былай үкім берілген: «Кибербуллингке және буллингтің кез келген түріне шарият тұрғысынан қатаң тыйым салынады. Әлеуметтік желі, ұялы телефон

арқылы жалған ақпарат тарату, оны бөлісу, сондай-ақ біреуді балағаттап, қорлап жазба қалдыру және оған ортақтасып «лайк» басу – күнә іс. Біреудің жеке жазбаларын, суреттерін, бейнежазбаларын шығарамын деп қорқыту, біреудің дінін не мәдениетін кемсіту және т.б. кибербуллингтің түрлеріне тыйым салынады».

Кибербуллинг көріністері, әсіресе, әлеуметтік желілерде көп кездеседі. Фейк аккаунттар арқылы дезинформация таратып, оған тағы әртүрлі қолданушылардың атымен пікір жазып, елді дүрлік-тіріп отыратындар көп. Мысалы, «Астана қаласы бас имамының үйі» деген бейнежазба көпшіліктің әлі де есінде болар. «Өтірік өрге басқызбас» демекші, жалған ақпарат таратқан желі қолданушысы заң жүзінде жазаға тартылды, әйтсе де бұл оқиғаның көптің көңілін күпті етіп кеткені жанға батады. Өйткені оқыған, көрген-түйгені көп білімді азаматтардың, қоғам белсенділерінің өзі сол ақпаратқа «алданып» қалғаны өте өкінішті.

Осы орайда реляцион буллинг немесе әлеуметтік агрессия ұғымын да айтып өтейік. Оның негізгі мағынасы – бір адаммен қарым-қатынас құру арқылы оған зиян келтіру, кемсіту. Ал қоғамдағы көрінісін бір адамның қоғамдағы беделіне нұқсан келтіру арқылы жасалған істерден байқай аламыз. Бұл әсіресе, халыққа кеңінен танымал адамдарға қатысты қолданылып жүр. Оның артында белгілі бір топ немесе соған мүдделі адамдар тұруы мүмкін. Яғни, мұндай буллинг көбінесе тапсырыс арқылы жүзеге асады. Негізгі кінәлі, ол «істі» бастаушы адам назардан тыс қалуы да ықтимал. Жоғарыда имамға қатысты оқиғаны дінге қарсы адамдар барынша пайдаланып қалуға тырысқаны сол кездегі оның аз күнде-ақ таралу жылдамдығы, әлеуметтік агрессия күшінен анық байқалды. Сонымен қатар, жалған ақпаратты тарату да, оны қолдап-қуаттау да кісі ақысына кіреді. Ғайбаттың күнәсі айтушы тыңдаушыға ортақ болғаны секілді, әлеуметтік желідегі кибербуллингке үн қосқан кез келген адам жауапты болып қалады.

Соңғы кезде әлеуметтік желіде кеңінен таралатын контент түрі – «мем». Ол сурет, қысқа бейнежазба немесе мәтіннен де тұруы мүмкін. Мем жәй ғана құрал болғандықтан, ол қолданылу мақсатына қарай дінге қайшы немесе қайшы емес болады. Егер мемдер әзіл форматында болса да жақсы мағынада таралған болса, оның оқасы жоқ, тіпті әлеуметтік желі

қолданушыларына пайдалы болуы мүмкін. Өкінішке қарай, қазіргі кезде мемдердің басым көбі танымал адамдардың сөзіне қатысты болғандықтан, желі қолданушылары арасында бос күлкі, мазаққа ғана айналып отырған жайы бар. Мәселен, Парламент Мәжілісі депутатының қызметтік жиын барысында анасын құттықтау сөзі қаншама ай өтсе де, әлеуметтік желіде әртүрлі жағдайларға қатысты ауық-ауық ұсынылып келеді.

Алаяқтардың басты құралы

Қазіргі уақытта ел тұрғындарына қоңырау шалып қорқытып жатқан алаяқтық оқиғалар жиілеп кетті. Күнделікті күйбеңмен жүрген адамның эмоциясымен ойнап, оған түрлі психологиялық қысым жасау, өзін салық немесе заң органдары, күштік құрылымдардың қызметкері ретінде таныстырып, ақша бопсалау да, несие алдыру да – кибербуллинг. Ресми мәліметтерге сүйенсек, 2024 жылы ел тұрғындарына 8000-нан астам қоңырау шалынып, өздерін

банк немесе заң, салық органдарының қызметкері деп таныстырған. Өкінішке қарай, алаяқтарға алданған отандастарымыз аз емес. Мәселен, сол жылы 82 жастағы қарияға алаяқтар 14 транзакция жасатып, 67 миллион теңге шығынға ұшыратқан. Ал 2025 жылы күз айларында өткен Үкімет сағатында Ішкі істер министрлігі қаңтар-қыркүйек аралығында алаяқтыққа қатысы бар 67 миллион телефон қоңырауы бұғатталғанын хабарлады.

Халқымызда «Алдаған – арамдық, алданған – аңқаулық» деген сөз бар. «Батыр аңғал келеді» демекші, алаяқтарға алданғандар қатарында, жоғарыда айтып өткендей жалған ақпараттарға сеніп қалатын жандар ішінде көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар да жоқ емес. Сондықтан әлеуметтік желіні қолданушы әрбір адам естіген-көргеніне бірден сенбей, анық-қанығын ресми дереккөздерден анықтап алғаны абзал. Сонымен бірге, телефонға, мессенджер арқылы хабарласатын алаяқтарға да алданып қалмау үшін эмоцияны басқара алу керек. Өйткені адамның эмоциясы алаяқтардың негізгі қақпаны болып тұр. Әлеуметтік желідегі жалған ақпараттарға да бірден лайк бастырып, пікір қалдыратын да осы эмоция болса керек.

Ермұрат ШОПАН



ЖАЛА ЖАБУҒА ШАРИҒАТ НЕ ДЕЙДІ?

Жала жабу дегеніміз – біреуді айтпаған сөзі, жасамаған ісі үшін айыптау, яғни орынсыз күйе жағу. Имам әс-Суюти: «Жала жабу – негізі жоқ нәрсені қолдан құрастыру», – деген.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Ғайбаттың не екенін білесіңдер ме?»** – деді. Сахабалар: **«Алла мен Оның Елшісі жақсы біледі»**, – деп жауап берді. Пайғамбарымыз: **«Бауырыңды оған ұнамайтын нәрсемен еске алуың, – деді. «Егер айтқанымыз ол кісінде бар болса ше?»** – делінді. Пайғамбарымыз: **«Егер айтқаның онда бар болса сен оны ғайбаттадың. Ал егер ол нәрсе ол адамда жоқ болса оған жала жапқаның»**, – деп жауап берді. (Мүслим, №2589).

Шариғат бойынша біреуді бір қателікте не қылмыста айыптау үшін алдымен оған айғақтар, куәгерлер келтіру қажет. Ешқандай айғақсыз, куәгерлерсіз жазықсыз адамға жала жабу – ауыр қылмыс, үлкен күнә. Алла Тағала Құранда былай дейді: **«Сонда сендер оны (жалған сөзді) тілдеріңмен таратып, ауыздарыңмен өздерің еш білмейтін нәрселерді айттыңдар да, оны жеңіл деп есептедіңдер, ал ол – Алла алдында аса зор (күнә)»** (Нұр сүресі, 15-аят).

Бірде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Үлкен күнәлардың ішіндегі үлкенін**

айтайын ба?» – деді. Сахабалар: **«Иә, Алланың елшісі»**, – десті. Сонда: **«Аллаға серік қосу, ата-ананы сыйламау»**, – деді. Сосын ол жантайып жатыр еді, орнынан тұрып отырды да: **«Сосын жалған сөйлеу, жалған куәлік беру!»** – деп қайталағаны соншалықты біз «қашан тоқтатар екен» деп ойладық», – делінген.

Біреуді істемеген нәрсесі үшін айыптау – оған жасалған зұлымдық. Кейбір адамдар өш алу үшін, біреуді төмендету үшін жаланы қару етеді. Бірақ олардың бір сәттік ашуымен айтқан жаласы бір отбасының, бір адамның бүкіл өмірін бұзуы мүмкін. Жала адамды масқаралап қана қоймай, оның жүрегіне, өміріне жазылуы қиын жара салады. Егер жәбір көрген адам кешірмесе, оны Алла да кешірмейді.

Жаламен күресудің орнына оны тыңдап, таратып, қуаттайтындар да бар. Шариғат мұндай адамдарды да жалаға ортақ деп санайды. Өйткені тыңдаушысыз жала жүрмейді.

Қорыта айтқанда, біреуге жала жабу өте ауыр күнә. Сондықтан жала жапқан адам күнәсі кешірілуі үшін Аллаға шынайы тәубе етуі керек әрі жала жапқан адамның кешірімін де алуы керек.

Жалаға жол бермеу – әрқайсымыздың міндетіміз. Алла Тағала баршамызды жаладан, жалақордан және жаланың кесірінен сақтасын!

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ӨТІРІК АЙТУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ?

Өтірік айту – үлкен күнә. Мұсылман қандай жағдай болса да шындықты айтуы тиіс. Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мұсылман қорқақ болуы мүмкін бе?» – деп сұрағанда, Ол: «**Иә**», – деді. «Мұсылман сараң бола ма?» – делінгенде: «**Иә**», – деген. Ал «Мұсылман өтірікші бола ма?» – дегенде: «**Жоқ**», – деп жауап берген. (Имам Мәлік, 2/990).

Дегенмен, шарифат белгілі бір қажеттілік жағдайларда өтірік айтуға рұқсат береді. Үмму Гүлсім жеткізген хадисте: «Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өтірікке тек үш жағдайда ғана рұқсат бергенін естідім. Олар: **«Соғыста, адамдарды татуластыруда және ердің әйеліне, әйелдің күйеуіне айтқан сөздерінде»**, – деген. (Әбу Дәуіт, №4921).

1. Соғыс жағдайында: Соғыс – айла мен стратегияның алаңы. Дұшпанды шатастыру, оның жоспарын бұзу, мұсылмандарды қорғау мақсатында өтірік айтуға рұқсат. Мысалы, мұсылман жау қолына түсіп, одан мұсылмандардың әскер саны, қарудың түрі, жоспары жайы сұралса – шындықты айтуға болмайды. Мұндайда дұшпанға зиян, мұсылмандарға пайда келетін сөз айтуға рұқсат. Мүмкін болса, ашық өтірікке бармай, астарлап сөйлеу – абзал. Бірақ кейде қарсыласты тек өтірік қана адастыра алады. Бұл жағдайда өтірік рұқсат етіліп қана қоймай, кей жағдайларда – әскерді аман сақтау үшін – міндетке айналуы мүмкін. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «**Соғыс – айла**», – деп бекер айтпаған. (Бұхари, №3030).

2. Араздасқан адамдарды татуластыру мақсатында: Екі мұсылман арасындағы түсінбеушілік пен өкпененішті жою – исламда сауапты амал. Екі мұсылман арасында кикілжің туғанда, олардың жүрегін жұмсарту үшін жақсы сөз жеткізу арқылы жарастыра алады. Бұл өтірік емес, ізгілікке бастайтын амал. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «**Екі адамды татуластыру үшін жақсы сөз айтып, жақсылық жеткізуші адам өтірікші емес**», – деген. (Бұхари, №2692). Егер татуластыру шындықпен де мүмкін болса, алдымен сол жол таңдалады.

3. Жұбайлар арасындағы мейірімді арттыру мақсатында. Жұбайлар арасындағы мейірім мен сүйіспеншілікті нығайту – исламның басты мақсаттарының бірі. Ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілікті күшейту, отбасылық татулықты нығайту үшін әсірелеген мақтау сөздерге жол беріледі. Бұл өтірік ешкімге зиян тигізбейді, керісінше жұбайлардың арасындағы нәзік байланыстарды бекемдейді.

Қорыта айтқанда, өтірік айту жалпы түрде – харам. Бірақ шарифат өмірдің белгілі жағдайларын ескеріп, тек үш тар шеңберде ғана рұқсат берді. Бұл өтірікке жол ашу емес, жақсылық пен татулыққа жол ашатын ерекше жеңілдік. Ал осы шеңбердің өзінде өтіріксіз амал ету мүмкін болса, шындықты айту – әрқашан абзал.

Дайындаған Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

ОҚУДАН ТЫЙЫЛСАҚ, ОЙЛАНУДЫ ДА ҚОЯМЫЗ



Құрметті оқырман!

Сіздердің риясыз пейілдеріңіз мен қолдауларыңызды сезінген халде, Жаратушыға шүкірлік ете отырып, жылқы жылына да қадам бастық. Өздеріңізге белгілі осыдан біраз бұрын журналымызға ребрендинг жасалып, мазмұны байытылып, логотипі жаңартылған еді. Содан бері әр санында белгілі бір тақырып қамтылып келеді. 2025 жылы да төмендегідей басты тақырыптарда басылым оқырмандарға жол тартты:

Еңбек адамы – қаңтар айы; 2. Мерейлі отбасы – ақпан айы; 3. Кешірім айы – наурыз айы; 4. Қайырымдылық – сәуір айы; 5. ҚМДБ-ға 35 жыл – мамыр айы; 6. Ұлы сапар – маусым айы; 7. Жаңа технология – шілде айы; 8. Хәкім Абай – тамыз айы; 9. Жат ағымдар – қыркүйек айы; 10. Ислам және жастар – қазан айы; 11. Халал индустрия – қараша айы; 12. Алаш және дін – желтоқсан айы.

Журналдың әрбір санына кішкентай бір кітапша ретінде қарайтын болсақ, ата дініміз бен дәстүрімізді ұштастыра отырып жазылған 12 кітап қоржыныңызда дей беріңіз. Басылымның әр саны кітап оқуға деген махаббатыңыздың іргетасын қалап, білімге құлшынысыңызды арттыратынына сенімдіміз. «Адам оқуды қойса, ойлауды да қояды» деген екен ақылман данагөйлер.

Биыл да бағытымыздан таймай, журналды барынша қызықты әрі мазмұнды шығару – басты мақсатымыз. Осы жолда сіздерге тағылымы терең, ғибратқа толы, ізгілікке үндейтін, бабалар жолын ұлағаттайтын, пайымы бөлек материалдарды ұсына бермекпіз.

Қадірлі оқырман! Сіз де тұщымды ойыңыз бен айтар ойыңызды мақала ретінде жинақтап, журналымыздың «iman@muftyat.kz» электрондық мекенжайына хат ретінде жіберуіңізге болады. Асыл дініміздің қанатын кеңге жайып, қазақ руханиятының жалауы желбірей түсуіне бірге атсалысайық!

**Ізгі ниетпен,
«Иман» журналының
бас редакторы
Кеулімжай Құтты**



IMAN

ДІНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ
Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
ресми журналы

Меншік иесі:
«Иман-сенім» ЖШС

Редакция алқасы:

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ғылымбек МӘЖИЕВ
Мұхаммед-Хусейн АЛСАБЕКОВ
Ершат ОҢҒАР
Батыржан МАНСҰРОВ
Смайыл СЕЙІТБЕКОВ
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Хасан АМАНҚҰЛ
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Жәнділлә БЕКЖІПТОВ
Естай ӘБДІҒАЛИ
Жолдас БЕРДІМҰРАТОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Ерболат ЖҮСІПОВ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ
Асқар МҰҚАНОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ
Төлеби ОСПАН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ
Қуаныш СӘБИТ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Бектұрсын УАЛИЕВ

Діни сарапшы

Рәтбек қажы НЫСАНБАЙҰЛЫ

Директор-бас редактор

Кеулімжай ҚҰТТЫ

Жауапты хатшы

Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Шариғи редактор

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

Техникалық редактор

Асқар БАЙҚОҢЫРҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Мәңгілік ел, 65
«Иман» журналының редакциясы

Пошта: iman@muftyat.kz

Телефон: +7 (7172) 999866

Жазылу индексі: 75998

Журнал айына 1 рет шығады

Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№3176 ж. күзлігі берілген

«Иман» журналы редакциясының
компьютерлік орталығында беттелді.

Таралымы – 14 830

Тапсырыс: №258

«Жедел басу» баспаханасы,
Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2а

Журналда жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі
мен Құран аяттары жазылғандықтан,
журналды аяқасты етпеулеріңізді
сұраймыз.